Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 424 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 маусымда № 32767 болып тіркелді.

"Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын ба қылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі *М. Карабаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 9 маусымдағы
№ 424 бұйрығына
қосымша

Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімі

Ескерту. Тізім жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 20.07.2023 № 525 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қосарланған мақсаттағы тауарлар мен технологиялар Тізім бойынша жалпы ескертпелер

1. Әскери қолдану үшін әзірленген немесе өзгертілген тауарлардың бақылауы үшін әскери мақсаттағы тауарлардың бақылау жөніндегі тиісті тізім(дер)ге қараңыз. Аталған тізімдегі "Сонымен қатар әскери мақсаттағы тауарларға бақылауды қараңыз" деген мәтінді сілтемелер де осы тізімге сілтеме жасайды.

2. Аталған тізімге енгізілген тауар, тауарлардың негізгі бөлігі болып табылатын бір немесе бірнеше бақылауға алынған және жеңіл алып тастауға немесе басқа мақсатта қолдануға болатын компоненттері бар бақылауға алынбайтын тауарлар (өсімдіктерді қоса алғанда) сараптама кезінде лицензиялаудан босатылмауға тиіс.

Айрықша ескертпе: Бақылауға алынған компонентті немесе компоненттерді негізгі бөлікке жатқызу мақсатында оларды қарау кезінде бақылауға алынған нәрсе компонент немесе сатып алынған тауардың негізгі бөлігінің компоненті болып табыла ма деген сияқты фактыны белгілеуге қабілетті саны, құндылығы және пайдаланатын технологиялық ноу-хоу секілді факторларды, сондай-ақ басқа да негізгі факторларды салмақтау қажет.

3. Аталған тізімде көрсетілген тауарлар жаңасын да, қолданыста болған кеңесін де қамтиды.

4. ССҚ ТН кодтары тауарларды (қызмет көрсетулерді) қосарлы және әскери мақсаттағы өнімдерге сәйкестендіру және ара қатынасын белгілеу барысында ұсыныс және көмекші кодтар болып табылады. ССҚ ТН кодтары толық емес немесе барлық бақылаушы позицияларды қамтымауы мүмкін, және бақылаушы позициялардың техникалық параметрлеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Қандай да бір өнімді қосарлы және әскери мақсаттағы өнімдерге сәйкестендіру және ара қатынасын белгілеу жөніндегі түбегейлі шешім аталған тізімнің бақылауға алынған өнімінің техникалық параметрлерімен айқындалады.

өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде жоқ ССҚ ТН кодтарын пайдалануға жол беріледі.

5. Қосарлы мақсаттағы өнімдер тізімінің құрылымы 10-санаттан тұрады, ол мына санаттар мен бөлімдерді қамтиды:

Тізімде қолданылған терминдердің анықтамасы:

0-санат - Ядролық материалдар, қондырғылар мен жабдықтар;

1-санат - Материалдар, химикаттар, микроорганизмдер мен уыттар;

2-санат - Материалдарды өңдеу;

3-санат - Электроника;

4-санат - Есептеу техникасы;

5-санат - Телекоммуникациялар және "Ақпаратты қорғау";

1-бөлім. Телекоммуникациялар;

2-бөлім. "Ақпаратты қорғау";

6-санат - Датчиктер мен лазерлер;

7-санат - Навигациялық жабдықтар мен авиациялық электроника;

8-санат - Теңіз ісі;

9-санат - Двигательдік қондырғылар, ғарыш аппараттары мен ілеспе жабдықтар.

10-санат - 0-9 санаттарда қамтылмаған, ұлттық қауіпсіздік шеңберінде бақыланатын өнім.

Әрбір санат қосарлы мақсаттағы өнімдердің 5 техникалық тобын қамтиды:

A - Аппаратура, тораптар мен компоненттер;

B - Өндірістік және сынақ жабдықтары;

C - Материалдар;

D - Бағдарламалық қамтылым;

E - Технологиялар.

Техникалық топта өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың көпжақты және біржақты режимдеріне сілтемелер бар:

000-099 - Вассенаарлық уағдаластық (ВУ);

100-199 - Зымырандық технологиялардың бақылау режимі (ЗТБР);

200-299 - Ядролық жеткізушілер тобы (ЯЖТ);

300-399 - Австралиялық топ (АТ);

400-499 - Химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі конвенция (ХҚК);

500-899 - Резерв;

900-999 - Ұлттық қауіпсіздік шеңберінде бақыланатын өнімдердің біржақты тізімдері.

Ядролық технология бойынша ескертпелер

(0 санатының "Е" бөлігімен бірге оқыңыз)

О санатында бақылауға алынатын кез келген тауарға тікелей байланысты " Технология" 0 санатының ережелеріне сәйкес бақылауға алынады.

Бақылауда тұрған тауарларды "әзірлеуге", "өндіруге" немесе "пайдалануға" арналған "Технология", тіпті егер бақылауға алынбайтын тауарларға қатысты болса да, бақылауда қала береді.

Тауарларды экспорт үшін бекіту сонымен бір мезгілде аталған соңғы пайдаланушыға инсталляция, жұмыстар, тауарларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу үшін қажетті "технологиялардың" ең аз мөлшерінің экспортына рұқсат етеді.

"Технологияларды" берудің үстінен бақылау "қоғамдық саладағы" ақпаратқа немесе "іргелі ғылыми зерттеулерге" қолданылмайды.

Технологиялар бойынша жалпы ескертпелер

(1-9 санатының "Е" тарауымен бірге оқыңыз)

1-9 санатында бақылауға алынған тауарларды "әзірлеу", "өндіру" немесе " пайдалану" үшін қажетті "технологиялар" экспорты 1-9 санатының ережелеріне сәйкес бақылауға алынады.

Бақылауда тұрған тауарларды "әзірлеу", "өндіру" немесе "пайдалану" үшін "қажетті " "технология", тіпті бақылауға алынбайтын тауарларға қатысты болса да, бақылауда қала береді.

Бақылауға алынбайтын немесе экспорты рұқсат етілген, инсталляция, жұмыстар, тауарларға техникалық қолдау (тексеру) мен жөндеу үшін қажетті ең аз мөлшер болып табылатын "технологияларға" қолданылмайды.

Айрықша ескертпе: Осымен 1E002.e., 1E002.f., 8E002.a. және 8E002.b. көрсетілген " технологиялар" босатылмайды.

"Технологияларды" берудің үстінен бақылау "қоғамдық саладағы" ақпаратқа немесе "іргелі ғылыми зерттеулерге" немесе патенттік өтінімді ресімдеу үшін қажетті ақпараттың ең аз мөлшеріне қолданылмайды.

Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша жалпы ескертпелер

(Осы ескертпелер 0-9 санатының "D" тарауының кез келген бақылауынан басымдыққа ие)

Аталған тізімнің 0-9 санаттары мынадай "бағдарламалық қамтамасыз етуді" бақылауға алмайды:

а. Қоғамдық пайдалану үшін қолжетімді, өйткені:

1. Мынадай жолмен қандай да бір шектеулерсіз бөлшек сауда нүктелерінде қоймадан сатылады:

a). қолма қол ақшаға мәмілелер;

b). пошта аударымы;

c). электрондық төлем; немесе

d) . телефон бойынша тапсырыс; және

2. Жеткізуші тарапынан одан әрі қарай елеулі қолдаусыз-ақ тұтынушы инсталляция үшін әзірленген; немесе

Айрықша ескертпе: Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша жалпы ескертпелердің "a" тармағымен 2 бөлімнің ("Ақпарат қорғау") 5 санатында көрсетілген "бағдарламалық қамтамасыз ету" босатылмайды.

b. "қоғамдық салада" тұр.

Тізімде пайдаланылатын терминдердің анықтамалары

"Дәлдік" (2,6) - кінараттылық арқылы әдетте өлшенетін шама, ол қабылданған стандарттың немесе дұрыс мәнінің көрсетілген шамасынан барынша жоғары ауытқуды, оң немесе теріс мәнін білдіреді.

"Ұшуды басқарудың белсенді жүйелері" (7) - бірнеше өлшеу бергіштерінің шығу сигналдарын дербес өңдеу арқылы "ұшу аппаратының" және ракетаның қолайсыз ауытқуларын немесе құрылымдық жүктемелерін болдырмау үшін және автоматты бақылауды жүзеге асыру мақсатында қажетті ескерту командаларын беру үшін жұмыс істейтін жүйелер.

"Белсенді пиксель" (68) - жарықтық (электромагниттік) сәулелену әрекеті кезінде фотоэлектрлік беру функциясына ие қатты денелі тордың ең аз (жалғыз) элементі.

"Әскери қолдану үшін бейімделген" (1) - адамдарға немесе жануарларға әсер етуінің немесе жабдықтардың, топырақтың құнарлылығын немесе қоршаған ортаны нашарлатудың тиімділігін арттыру мақсатында белгілі бір сапалары бойынша (мысалы, қоспасының саны, сақтау кезіндегі жарамдылығының мерзімі, вируленттілігі, қасиеттерінің берілуі, ультракүлгін сәуленің әсеріне төзімділігі бойынша) кез келген түрін өзгертулерге немесе іріктелуге ұшыраған.

"Ұшу аппараттары" (1, 7, 9) – жылжымайтын қанаты, бұрылмалы қанаты (тікұшақ), айналмалы қанаты, бұрылмалы тірек бұрандасы немесе қанатының оқтай қалпы өзгермелі ұшу аппараттары.

Айрықша ескертпе: қараңыз, сондай-ақ "Азаматтық ұшу аппараты".

"Барлық қолжетімді түзетулер" (2) - өндірушінің станоктың нақты моделі үшін позициялаудың барлық жүйелі қателіктерін барынша азайту жөніндегі барлық іс жүзіндегі мүмкін шараларды қарастырғанын білдіреді.

"ITU бойынша жиілікті бөліп беру" (3 5) - байланыстың негізгі (бастапқы), рұқсат етілген және екінші қызмет көрсетулері үшін жиілік диапазонын бөліп беру

Халықаралық телекоммуникациялар одағының радиобайланыс регламенті туралы ережелеріне (1998 жылғы редакция) сәйкес жүргізілетінін білдіреді.

Айрықша ескертпе: қосымша және балама бөліп беру есепке алынбайды.

"Бұрыштық күйдің ауытқуы" (2) - өңдегеннен кейін бекітілген деталь бұрынғы күйіне қарай бұрылған соң өте жоғары дәлдікпен өлшенген бұрыш бойынша бұрыштық күймен іс жүзіндегі күйдің арасындағы ең жоғарғы айырма. (қараңыз, VDI/VDE 2617, жұмыс нұсқасы: "бұрылыстың координаттарды" өлшеу тетіктеріне қатысты кесте").

"Ассиметриялық алгоритм" (5) - кодтау және кодсыздандыру үшін түрлі, математикалық тәуелді кілттерді пайдаланатын криптографиялық алгоритмді білдіреді.

Айрықша ескертпе: "Ассиметриялық алгоритмдерді" іс жүзінде пайдалану үлгісі бұл кілтпен басқару

"Мақсатты автоматты сүйемелдеу" (6) - мақсаттың уақыттың нақты ауқымындағы мейлінше ықтимал жағдайының экстраполироволды мәнінің шығу сигналы ретінде автоматты түрде айқындайтын және қамтамасыз ететін өңдеу әдісі.

"Негізгі қисындық элементті кідірту уақытты" (3) - "тұтастай құйылған интегралдық схемалардың" "үйірінде" пайдаланылатын негізгі қисындық элемент арқылы сигналдың тиісті өтуіне кідірту уақыты. Ол осы "отбасы" үшін немесе сигналдың өтуінің кідірту уақыты арқылы үлгілік қисындық элемент арқылы не қисындық элементтің өтуінің кідіруінің үлгілік уақыты арқылы айқындалуы мүмкін.

N 1 айрықша ескертпе: "Негізгі қисындық элементтің кідіру уақытын" күрделі " тұтас құйылған интегралдық" схемалардың шығу және кіру сигналдарының арасындағы кідіру уақытымен шатыстырмау керек.

N 2 айрықша ескертпе: "Біртектілік" өндіріс технологиясы мен техникалық жағдайларға қатысты, бірақ олардың функционалдық қызметіне қатысы жоқ, төменде келтірілген белгілердің басын біріктіретін интегралдық схемалардың бүкіл жиынтығын қамтиды:

а) интегралдық схемалар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің бірыңғай сәулеті;

б) бірыңғай конструкция және қолданылатын технология; және

в) бірыңғай негізгі сипаттамалар.

"Іргелі ғылыми зерттеулер" (бүкіл Тізім) - эксперименталды немесе басты түрде негізгі принциптер немесе байқалынып жүрген фактілер туралы жаңа білімдер алу мақсатында жүргізілетін, нақты практикалық мақсаттарға қол жеткізуге немесе нақты міндеттерді шешуге тікелей бағытталған эксперименталды немесе теориялық жұмыстар.

"Орны өзгеру" (акселерометр) (7) - берілген жылдамдықтың болмауында акселерометрдің шығу сигналы.

"Соғу" (2) - айналаның сыртқы немесе ішкі үстіңгі бетінде өлшеу нүктесінде шпинделдің перпендикулярлы білігінің жазықтығында өлшенген негізгі шпинделдің бір айналымдағы радиалды өзгеру (көзі - ISO230/1-1986, 5.63).

"Көміртекті жіпті нысан алдындағы нысан" (1) - бұйымның қаңқасын құрайтын, сосын "матрицалармен" толтырылып, нәтижесінде "композициялық материал" болып қалыптасатын тәртіппен орналастырылған жабылмаған немесе жабылған жіптер.

"ЕЭ" - "есептеу элементіне" барабар.

"ДЫА" - (дөңгелекті ықтималды ауытқу) (7) - дәлдікті өлшейтін шама; шеңбердің радиусы, оның орталығында белгілі бір қашықтықта нысаны болады, онда 50% пайдалы жүктеме жұмыс істейді.

"Химиялық лазер" (6) - тозған орта химиялық реакция энергиясы есебінен қалыптасатын лазер.

"Химиялық қоспа" (1) - қоспаны сақтау жағдайында бір бірімен өзара әрекетке түспейтін екі немесе одан да көп құрамдас бөліктерден алынған қатты, сұйық немесе газ түріндегі өнімді білдіреді.

"Бақыланатын циркуляция мен баптауды немесе қарсы айналдыруды бақылау жүйесі" (7) - үстіңгі беттермен туындайтын күштерді күшейту немесе бақылау үшін аэродинамикалық үстіңгі беттердің бойымен әуе ағымдарын пайдаланылатын бақылау жүйелері.

"Азаматтық ұшу аппараттары" (1,7,9) - коммерциялық азаматтық ішкі және сыртқы авиа желілерде немесе заңдастырылған азаматтық жеке меншік пайдалануға арналған немесе бизнес мақсаттары үшін ұшуға жарамды жарияланған сертификацияланған ұшу жарамдылығының тізімдерінде белгіленген сәйкестікке саналамаланған "ұшу аппараттары".

Айрықша ескертпе: Сонымен қатар "ұшу аппараттарын" да қараңыз.

"Байланыстырылғандар" (1) - жалпы талшықты нысанда армирленген матрица талшықтарымен комбинациялар алу мақсатында термопластикалық талшықтардың түйінінің ұштасуы және талшықтардың нығайтылуы.

"Майдалау" (1) - ұсақтау немесе себу арқылы материалдың пайдалану процесі.

"Ортақ канал бойынша беру" (5) - беру әдісі, мұнда бір канал бойынша станциялардың арасында каналдардың санына немесе шақыруларға қатысты белгіленген хабарламалардың ақпараты немесе желіні басқару үшін пайдаланылатын басқа ақпарат беріледі.

"Байланыс каналының контролері" (5) - синхронды немесе асинхронды цифрлық ақпараттың ағынын бақылайтын физикалық интерфейс. Бұл компьютерге қондырылатын блок, немесе жүйеге қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялық жабдық.

"Композициялық материал" (1, 2, 6, 8, 9) – бөлшектерден, жіптәріздес кристалдардан, талшықтардан немесе олардың кез келген комбинациясынан тұратын, белгілі бір мақсат немесе мақсаттар үшін әзірленген "матрица" және қосымша фаза немесе қосымша фазалар.

"Жиынтық теориялық өнімділігі" ("ЖТӨ") (3,4) - "есептеу элементтерін" ("ЕЭ") агрегерлеудің нәтижесінде алынған секундына миллион теориялық операцияларда (Смто) көрініс тапқан есептеулер өнімділігінің шамасы.

Ерекше ескерту: 4 - санатқа техникалық ескертпені қараңыз.

"Құрастырмалы айналмалы үстел" (2) - басқаруы контурлық басқару үшін үйлесе алатын екі параллель емес осьтің айналасында деталді айналдыруға және еңкейтуге мүмкіндік беретін үстел".

"Есептеу элементі" (4) - арифметикалық немесе қисынды әрекеттерді орындайтын ең есептеу бірлігі.

"Контурлық басқару" (2) - келесі талап етілетін жағдайды және осы жағдайға берудің талап етілетін жылдамдылығын айқындайтын нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылатын "цифрлық басқарудағы" екі немесе одан көп біліктер бойынша қозғалыс. Бұл беру жылдамдықтары бір-бірімен байланыста болады, бұл негізгі контурды түзеді (қараңыз, ISO/DISC 2806-1980).

"Сындық температура" (1,3,6) (кейде көшу температурасы деп аталады.) Белгілі бір "өткізуден тыс материал" - материал электр тоғының өтуіне қарсыласуын толық жоғалтатын температура.

"Криптография" (5) - оның мазмұнын жасыру, түрлі өзгеруін немесе рұқсат етілмеген пайдалануды болдырмау мақсатында ақпаратты түрлендірудің принциптерін, құралдары мен әдістерін қамтитын тәртіп. "Криптография" бір немесе одан көп "құпия параметрлерді" пайдаланылатын ақпараттың түрленуі мен (мысалы, криптографиялық ауыспалылық) немесе тиісті кілтпен басқарумен шектелген.

Айрықша ескертпе : "Құпия параметрі" - адамдардың белгілі бір тобына белгілі және басқа адамдардан жасырылған константа немесе кілт.

"ЖТӨ" - "жиынтық теориялық өндірушілікке" балама.

"Үлгілі деректер базасының негізіндегі навигациялық жүйелер" (7) - серпінді режимдер кезінде дәл навигациялық ақпаратты кешенді қамтамасыз ететін гео-картографиялық деректердің априорлық өлшемдерінің түрлі көздерін пайдаланатын жүйелер. Ақпараттық көздер батиметрикалық карталарды, жұлдыздық карталарды, гравитациялық карталарды, магниттік карталарды немесе жергілікті жердің үш өлшемді цифрлық карталарын қамтиды.

"Деформацияланатын айналар" (6) - (сондай-ақ адаптивті оптикалық айналар белгілі ретінде) - мыналар бар айналары:

а. Үстіңгі бетін бір үздіксіз оптикалық көрсететін үстіңгі бет, ол жекелеген күш қолдану немесе айнаға құлайтын оптикалық сигналдың бұрмалануларын өтеу үшін бұрайтын сәттер арқылы серпінді түрде деформацияланады; немесе

б. Көп элементті оптикалық гидрлегіштер, олардың күйі бөлек және тәуелсіз жекелеген күш қолдану немесе айнаға құлайтын оптикалық сигналдың бұрмалануларын өтеу үшін бұрайтын сәттер арқылы өзгереді.

"Қуаты азайған уран" (0) - табиғи уранға қарағанда 235 изотопты төмен уран.

"Әзірлеме" - жобалау, жобалық зерттеу, жобалық нұсқаларды талдау, жобалау тұжырымдамасын әзірлеу, жинау және прототиптерін сынақтан өткізу (тәжірибелік үлгілерін) секілді сериялық өндіріске дейінгі жұмыстардың барлық сатысы, тәжірибелік өндіріс пен техникалық құжаттаманың схемасын жасау, техникалық құжаттаманы берудің процесі, құрылымдық жобалау, макеттеу.

"Диффузиялық пісіру" (1,2,9) - қатты денелі молекулярлық қосылыс, кем дегенде мейліншік әлсіз материалдың байланыс күшіне баламды жалпы күшпен бірыңғай біртұтас екі металл.

"Цифрлық ЭЕМ" (4,5) - бір немесе одан көп дискретті ауыспалы нысанда барлық мынадай функцияларды орындай алатын аппаратура:

а. Енгізілетін деректерді қабылдау;

б. Деректерді немесе командаларды тұрақты немесе өзгеретін (қайта жазылатын) сақтау құрылғыларында сақтау;

в. Деректерді немесе командаларды тұрақты немесе өзгеретін (қайта жазылатын) сақтау құрылғыларында сақтау; және

г. Деректердің шығуын қамтамасыз ету;

Айрықша ескертпе: Командалардың жазылған тізбегінің түрін өзгертуі тұрақты жад құрылғысын ауыстыруды қамтиды, бірақ жүргізілген қосылыстардың немесе ішкі байланыстардың физикалық өзгеруі кірмейді.

"Цифрлық берудің жалпы жылдамдығы" (5) - каналды кодтаудың молдығы және осы секілділерді қоса алғанда биттің цифрлық беру жүйесіндегі тиісті жабдықтаудың арасында берілген уақыт бірлігіндегі цифрі.

Айрықша ескертпе: қараңыз, сондай-ақ "сандық бергіштің жылдамдығы".

"Тікелей гидравликалық нығыздау" (2) - деформациялау процесі онда дайындаумен тікелей қатынастағы сұйық толтырылған икемді камера қолданылады.

"Дрейф жылдамдығы" (гироскоп) (7) - талап етілетін шығу сигналынан уақыт бойынша өзінше ауытқу. Кездейсоқ ұдайы компоненттен тұрады және уақыт бірлігіндегі инерциялық кеңістікке қатысты баламды керу бұрышының өзгерісі ретінде көрінеді.

"Динамикалық адаптивтік маршруттау" (5) - желінің жұмысының ағымдағы жағдайларын өлшеу мен талдаудың негізінде хабарлауларды берудің маршрутын автоматты түрде өзгерту.

Айрықша ескертпе: Алдын ала бар болған ақпараттың негізінде хабарлауларды берудің маршрутын өзгерту туралы шешімдер жағдайы бұған кірмейді.

"Сигналды динамикалық талдауыштар" (3) - "сигналдың талдауыштары" олар оның амплитудасы мен фазасы туралы ақпаратты қоса алғанда осы сигналдың фурье-спектрін алу үшін сигналдың сандық таңдалымын және оны түрлендіру әдістерін пайдаланады.

Айрықша ескертпе: Сондай-ақ "сигналдың талдауыштарын" қараңыз.

"Тиімді грамм" (0,1) - "арнаулы бөлшектенетін материалдар үшін" мынадай болады:

a. Плутони және 233-уранның изотоптары үшін - изотоптың салмағы граммдарда;

b. 235-уранның байытылған изотопының ураны үшін (1% немесе одан артық) - элементтің салмағы байытылғаннан квадраттың түбіріне көбейтілген, салмағы бойынша оннан бір үлесі ретіндегі граммдарда;

c. 235-уранның изотопымен байытылған уран үшін (1 ПРЦ кем) - элементтің салмағы 0.0001-ге көбейтілген граммдарда;

"Электронды жинау" (3,4,5) - белгілі бір функцияны(ларды) орындау үшін қосылған , ауыстыруға және бөлшектеуге жататын электронды компоненттердің кейбір саны (мысалы, "схемалар элементтер", "дискретті компоненттер", "интегралды схема" және тағы басқалар).

Айрықша ескертпе: 1. "Схеманың элементі" - бір диот, транзистер, резистер, конденсатор және осы секілді электронды схеманың жеке белсенді немесе бәсең деталі.

2. "дискретті компонент" - өзінің сыртқы шығаруларымен жеке корпустағы "схема элементі".

"Сәулені электронды сканирлейтін фазаланған антенналық торкөз" (5,6) - фазалық арақатынастарды таңдау арқылы сәулені қалыптастыратын антенна, яғни сәуленің бағыты сәуле беретін элементтерді қоздыру кешенді коэффициенттерді таңдаумен басқарылады және осы сәуленің бағыты қабылдау кезінде де, сондай-ақ беру кезінде де электр сигналын жұмсау арқылы азимуттың бұрышы мен орнының немесе екеуінің бұрышы бойынша өзгеріліне алады.

"Жұмыс органдары" (2) - басып алулар, "белсенді аспаптық тораптар" және " роботтың" қол манипуляторының аяғындағы тірек торшасына бекітілетін кез келген басқа да аспаптар.

Айрықша ескертпе: "белсенді аспаптық тораптар" - дайындамаға (деталдың) өлшеу бергіштерін қоюға немесе оның өзгеруі немесе өңделуі үшін қуат беруге арналған құрылғы.

"Баламды тығыздық" (6) - оптикалық бірліктердің үстіңгі бетке түсірілетін оптикалық алаңның бірлігіне арналған массасы.

"Сараптық жүйелер" (7) - "бағдарламаларға" қатыссыз сақталатын ақпараттарға ережелерді қолдану арқылы нәтижелерді қамтамасыз ететін және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне:

a. Пайдаланушы енгізген бағдарламаның мәтінінің автоматты модификациясына;

б. Квази табиғи тілде проблемалардың кейбір сыныбымен байланысты білімдерді қамтамасыз етуге; немесе

в. Оларды әзірлеу үшін талап етілетін білімдерді игеруге (рәміздік оқыту) ие жүйелер.

"ФАДЕК" - "двигательдің толық дербес электронды сандық контролері".

"Жұмыс істемей қалуы болмаушылығы" (4) - компьютерлік жүйенің оның аппараттық компонентінде немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуінде" қандай да бір болмасын ақаулық пайда болғаннан кейін адамның араласуынсыз жұмысты жалғастыру, жұмыстың үздіксіздігін, деректердің тұтас сақталуын және берілген уақыт аралығының шектерінде жұмысты қалпына келтіру қасиеті.

"Талшықты немесе жіп тәріздес материалдар" (0 1 2 8) - мыналарды қамтитын материалдар:

а. Бірыңғай "жіптер";

б. Бірыңғай тоқыма және ұршық;

в. "Жол жіптер", маталар, өздігінен болған құрылымның кездейсоқ торшалары мен таспалары;

г. Мақта мата және зығыр кенді талшықтары;

д. Кез келген ұзындықтағы армирлейтін талшықтар, жалғыз және көп кристалділер;

е. Хош иісті және полиамидті целлюлоза;

"Пленкалық интегралды схемалар" (3) - оқшаулаушы "төсемге" қалың немесе жұқа пленка жүргізу арқылы пайда болған "схемалар элементтері" мен металл қосылыстарының жиынтығы.

Айрықша ескертпе: "Схеманың элементі" - бір диот, транзистр, резистр және конденсатор және осылар секілді электронды схеманың жеке белсенді немесе пассивті деталі.

"Тіркелген" (5) - кодтаудың немесе қысудың алго ырғағының сырттан берілетін параметрлерді өзгерте алмайтындығын (мысалы, криптографиялық параметрлер немесе кілттің параметрлері) және пайдаланушының түрін өзгерте алмайтындығын білдіреді.

"Ұшуды басқару жүйесінің оптикалық бергіштер тобы" (7) - "лазердің" сәулесін пайдаланатын нақты уақытта бортта өңдеу үшін ұшуды басқарудың деректерін қамтамасыз ететін бөлінген оптикалық бергіштердің желісі.

"Ұшудың траекториясын оңтайландыру" (7) - сипаттамаларды барынша өсіру немесе міндеттерді орындаудың тиімділігін арттыру негізінде талап етілетін траекторияның төрт өлшемінен (кеңістікте және уақытта) ауытқуын барынша азайтатын ресім.

"Фокальды тегістік торы" (6) - фокальды тегістікте жұмыс істейтін есептейтін электронды немесе онсыз жекелеген элементтер детекторларының планарлы жіктерінің сызықты немесе екі өлшемді планарлық торы немесе комбинациясы.

Айрықша ескертпе: Бұл анықтамаға уақытша кідіртуді енгізудің және осы элементтерде интеграциялау операцияларының болмауы жағдайы кезіндегі 1С228 немесе кез келген екі-, үш- немесе төрт элементті детекторлардың жиынтығы кірмейді.

"Жиілік белдеулерінің салыстырмалы ені" (3) - процентпен көрсетілетін, алып жүру жиілігінің орташа жиілігіне бөлінген жиілік белдеуінің "бір сәттік ені".

"Жиіліктерді секіртпелі түрде қайта құру" (5) - "спектрдің кеңею" нысаны, мұнда байланыстың жеке каналының беру жиілігі дискретті секірулердің кездейсоқ немесе жалған кездейсоқтық реті арқылы қайта құрылады.

"Жиілікті қосу уақыты" (35) - мынадай сипаттамалардың кез келгеніне қол жеткізу үшін бір жиіліктен басқасына қосылуы кезінде шығу сигналына талап етілетін барынша көп уақыт (мысалы, кідіру):

а. Оның түпкі мәнінен 100 Гц шегіндегі жиілік; немесе

б. Түпкі мәнінің деңгейінен 1 дБ шегіндегі деңгей;

"Жиіліктердің синтезаторы" (3) - жиіліктердің стандарттарының аз санының көмегімен мақсатты түрде алатын немесе синхрондайтын бір немесе бірнеше бір мезгілде немесе кезек-кезек генерацияланатын жиынтығын генерациялаудың пайдаланылатын әдісіне қатыссыз қамтамасыз ететін сигналдың генераторының немесе жиіліктер көзінің кез келген түрі.

"Двигателдің толық дербес электронды-сандық контролері" (7,9) - турбиналы двигателді немесе двигателдің тягасын немесе валдан алынатын, отынның шығысын оны беру аяқталғанға дейін реттеудің басынан бастап жұмыс жағдайының диапазонындағы шығу қуатының деңгейін ауыспалы параметрлермен басқаруға арналған сандық ЭЕМ пайдалана отырып құрастырмалы циклды двигателді басқарудың электронды жүйесі.

"Газдық тозаңдану" (1) - балқытылған металл қорытпаның ағынының жоғары қысымдағы газдық ағында 500 мкм немесе одан кіші диаметрдегі тамшыларға тозаңдану процесі.

"Кеңістікте бөлінген" (6) - бір объектінің орналасқан жері кез келген басқасынан кез келген бағытта 1,5 м астамға алыстатылған. Жылжымалы бергіштер барлық кезде де " кеңістікте бөлінген" болып есептеледі.

"Ретке келтіру жүйесі" (7) - олардың траекториясын түзету үшін ұшуды басқару жүйелеріне командаларды есептейік және жібере отырып көлік құралдарының күйі мен жылдамдығын өлшеу мен есептеу процесін біріктіретін жүйелер (навигация).

"Ыстық изостаттық модификация" (2) - құйылатын нысандарда ішкі жақтауларды төмендету немесе жою үшін барлық бағыттар бойынша тең күштер құруға арналған түрлі орта арқылы (газ тәрізді, сұйық, қатты бөлшектер және басқалар) дерметикалық көлемде 375 К (102 о С) жоғары температура кезінде құйылатын қалыптарды сығымдау процесі.

"Будан ЭЕМ" (4) - мынадай барлық функцияны орындауға арналған жабдық:

а. деректерді қабылдау;

б. ұқсас, сондай-ақ сандық көріністерде де деректерді өңдеу; және

в. деректердің шығуын қамтамасыз ету.

"Буданды интегралды схема" (3) - интегралдық схемалардың немесе "схема элементтері" немесе "дискретті компоненттері" бар, белгілі бір функцияларды орындау

үшін бірге құрамдастырылған және барлық мынадай сипаттамаларға ие интегралды схеманың өздігінен болатын комбинациясы:

а. Кем дегенде бір корпуссыз құрылғысы бар;

б. Компоненттер бір-бірімен интегралдық схемалар өндірісінің үлгілік әдістерін пайдалана отырып қосылады;

в. Бірыңғай тұтастық ретінде ауыстырылады; және

г. қалыпты жағдайда бөлшектенуге жатпайды.

Айрықша ескертпе: 1. "Схема элементі" бөлек белсенді немесе электрондық схеманың пассивті деталі, бір диод, транзистр, резистр, конденсатор және осы секілділер.

2. "Дискретті компонент" - өзінің сыртқы шығуларымен бөлек корпустағы " схеманың элементі".

"Сапасын жақсарту" (4) - уақыт жағынан қосу, сүзгіден өткізу параметрлерін бағалау, таңдап алуын түзету, орамдау немесе көріністердің түрлі салаларының арасында түрлі жаңғыртулар (мысалы, Фурье немесе Волш тез жаңғыртуы) секілді алгоритм арқылы ақпаратты жеткізетін бейнелерді өңдеу, мұндай өңдеулерге ілгерілеу, белгілерді алу, тіркеу немесе дұрыс бояу секілді тек сызықтық жаңғыртуларды немесе жеке бейнелердің айналуын пайдалана алатын алгоритм кірмейді.

"Иммунды токсиндер" (1) - сырқат клеткаларға іріктемелі түрде әсер ететін бір клеткалы көп каналды антиденелермен "токсиндердің" немесе "қосалқы токсиндердің" коньюганты.

"Қоғамдық салада" - одан әрі таралуына шектеу қойылмайтын "технологияны" немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" білдіреді (авторлық құқықтарға байланысты "технологияны" немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" жалпы қол жететін санаттан шығармайтын шектеулер).

"Ақпаратты қорғау" (4,5) - ақаулықтардың алдын ала алатын құралдар мен функцияларды қоспағанда ақпараттың немесе байланыстың қолжетімділігін, құпиялығын немесе бүтіндігін қамтамасыз ететін барлық құралдар мен функциялар. Оған "криптография", "криптоталдау", өзінің шағылысуынан қорғау және компьютерді қорғау кіреді.

Айрықша ескертпе: "Криптоталдау": криптографиялық жүйелерді немесе ашық мәтінді қоса алғанда құпия параметрлерді немесе сезімтал ақпаратты алу мақсатында оның кіру және шығу сигналдарын талдау.

"Жиіліктердің белдеулерінің қағым сәттік ені" (3,5,7) - өткізу белдеуі, онда шығу сигналының қуатының деңгейі негізгі жұмыс параметрлерін құрусыз 3 децибель шектерінде тұрақты түрде қалады.

"Инструменталды қашықтық" (6) - радардың әрекетінің бір мәнді айқындалатын қашықтығы.

"Оқшаулау" (9) зымыран қозғалтқыштарының құрамдауыштары, яғни корпус, сопло , ауа сақтағыштары, корпустың бітеуіштері үшін қолданылады және құрамында оқшаулау және отқа төзімді материал бар вулканизацияланған немесе жартылай вулканизацияланған резеңке қоспаның пластинасын қамтиды. Сондай-ақ қорғаныш оқшаулағышты немесе кернеуді төмендетуге арналған төсемді қамтуы мүмкін.

"Өзара байланысты өлшемді РЛС" (6) - екі немесе одан көп өлшемдік РЛС уақыттың нақты ауқымында ақпараттармен өзара алмасқан жағдайда өзара байланысты деп есептеледі.

"Ішкі қаптау" (9) – қатты зымыран отыны мен корпус немесе оқшаулау төсемі арасындағы қабатша үшін қолданылады. Әдетте, бұл сұйық полимер негізіндегі оқшаулау немесе отқа төзімді материал, мысалы, түпкі гидроксилді топтармен көміртегі толтырылған полибутадиен (КТКП) немесе тозаңданатын немесе вулканизациялық қоспалармен корпустың ішіне орналастырылған басқа полимер.

"Ішкі магнитті градиометр" (6) - магниттік өрістің градиентін өлшейтін бөлек элемент және онымен байланысты электронды блок, оның шығу сигналы магниттік өрістің градиентінің өлшемі болып табылады.

Айрықша ескертпе: сондай-ақ "магниттік градиометрді" қараңыз.

"Оқшауландырылған тірі дақылдар" (1) - активті емес түрдегі және құрғақ препараттар түрдегі тірі дақылдарды қамтиды.

"Изостатикалық нығыздаулар" (2) - дайындамаға барлық бағыттар бойынша осы герметикалық көлемнің осының ішінде қысымға тең герметикалық көлем жасау үшін түрлі орталарда (газ, сұйық, қатты бөлшектер және басқалар) герметикалық көлемде нығыздауға қабілетті жабдық немесе материал.

"Лазер" (0, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9) – құрауыштардың жиынтығы, олар кеңістікте де, сондай-ақ уақыт бойынша да сәулеленудің ынталандырылған эмиссиясы арқылы күшейтілетін когерентті жарықтық сәулеленуді жасайды.

Айрықша ескертпе: "Химиялық лазерді"; "Аса жоғары қуатты лазерді"; "Қайта құрылатын лазерді" де қараңыз.

"Сызықтық" (2) (әдетте сызықтық еместік параметрлері арқылы өлшенеді) - шын мәніндегі сипаттамасының барынша жоғары ауытқуы (жоғары және төменгі шкалаларының көрсеткіштері бойынша орташа), барынша жоғары ауытқуды теңестіру және барынша азайту үшін солай орналасқан тіке сызықтан оң немесе терістігі.

"Локальды желі" (4) - барлық мынадай сипаттамаға ие деректерді беру жүйесі:

а. Тәуелсіз "Ақпараттық құрылғылар" өздігінен пайда болатын санына тікелей бір-бірімен байланысуға мүмкіндік береді; және

б. Орташа мөлшердегі шектеулі географиялық аймақ (мысалы, қызметтік ғимараттардың, зауыттың корпустар тобының немесе қойма үй жаймаларының шектерінде).

Айрықша ескертпе : "Ақпараттық құрылғы" цифрлық деректерді жүйелі түрде беруге немесе қабылдауға қабілеті бар жабдықты білдіреді.

"Магниттік градиентометрлер" (6) - осы приборға қатысы сыртқы болып табылатын көздердің магниттік өрістерінің кеңістіктік өзгерулерін өлшеуге арналған құрылғы. Олар көптеген "магнитометрлерден" және магниттік өрістің градиенті өлшенетін шығуындағы тиісті электронды блоктан тұрады.

Айрықша ескертпе: қараңыз, сондай-ақ "Ішкі магниттік градиентометрлерді".

"Магниметрлер" (6) - приборға қатысты сыртқы болып табылатын көздердің магниттік өрісін өлшеуге арналған құрылғылар. Магниттік өрістің жеке өлшеу элементінен және шығарында магниттік өріс өлшенетін онымен байланысты электронды блоктан тұрады.

"Оперативті жад" (4) - орталық процессордан тез қол жеткізуге арналған деректерді немесе командаларды сақтайтын негізгі орын. "Сандық компьютердің" ішкі жадынан және кэш-жад немесе параллельді қол жеткізілетін кеңейтілген жад секілді оның иерархиялық кеңейтілуінің кез келген құралдарынан тұрады.

"UF 6 " (0) коррозияға төзімді материалдар" (0) - мыс, топтанбайтын болат, алюминий, алюминий қышқылы, алюминий қорытпа, никель немесе 60% одан көп бар (салмағы бойынша) және бөліну процесінің тиісті түріне сәйкес келетін U6-ға төзімді фторланған көмір сутегілі полимерлер.

"Матрица" (1,2,3,9) - жіп тәрізді кристалдармен немесе талшықтармен, бөлшектермен толтырылған бірыңғай берік зат.

"Өлшеудің кінараттылығы" (2) - 95 процент ықтимал ауыспалы өлшенетін шын мән өлшенген мәннің маңындағы қандай диапазонда екендігін айқындайтын сипатты параметр. Бұл шамаға өтем жасалмаған ұдайы болатын ауытқулар, өтем жасалмаған люфт және кездейсоқ ауытқулар кіреді (ISO10360-2 немесе VDI/VDE 2617 қараңыз).

"Механикалық лигерлеу" (1) - байланыстыру, ұнтақтау нәтижесінде пайда болатын қорытпаның түзілу және бір-бірімен механикалық соғу нәтижесінде таза металдар ұнтақтары бөлшектері мен лигатуралардың арасында пайда болатын жаңа байланыстардың түзілу процесі. Қорытпаға тиісті ұнтақтарға қосымша ретінде металл емес бөлшектер де енгізілуі мүмкін.

"Қорытпаның экстракциясы" (1) - өнімнің таспалар немесе қорытпалардың жіптері түрінде балқытылған металл қорытпаның ваннасына айналып тұратын салқындатылатын дискінің қысқа сегментін енгізу арқылы экстракция және "тез қатаю" процесі.

Айрықша ескертпе: "тез қатаю" - балқыған материалдың салқындатудың 1000 К/с астам жылдамдығы кезіндегі қатаюы.

"Қорытпаны спинингтеу" (1) - айналып тұрған салқындататын дискіге құлайтын сымдар, ленталар немесе қабыршақ немесе қытырлақша нысанындағы бөлшектер түрінде өнімді қалыптастыратын балқытылған металдың ағынын "тез қатайту процесі".

Айрықша ескертпе: "тез қатаю" - 1000 К/с асатын салқындату жылдамдығы кезінде материалдың балқымасының қатаюын қамтитын процесс.

"Микрокомпьютердің микросхемасы" (3) - ішкі жадтағы деректерге қолданымды ішкі есте сақтайтын құрылғының жалпы мақсаттағы командаларды жүйелі түрде орындауға қабілетті, арифметикалық қисындық құрылғысы бар (АҚҚ) "тұтастай құйылған интегралды схема" немесе "көп кристалды интегралды схема".

Айрықша ескертпе: Ішкі жад сыртқы жадпен кеңейтілуі мүмкін.

"Микропроцессордың микросхемасы" (3) - сыртқы есте сақтауда жалпы мақсаттағы командаларды жүйелі түрде орындауға қабілетті, арифметикалық қисындық құрылғысы бар (АҚҚ) "тұтастай құйылған интегралды схема" немесе "көп кристалды интегралды схема".

Айрықша ескертпе: 1. "Микропроцессордың микросхемасында" әдетте оперативті жады бар қол желілерді пайдалануға болмайды, дегенмен қисындық функцияны орындау кезінде микросхеманың жадын пайдалана алады.

Айрықша ескертпе: 2. Осы айқындама "микропроцессордың микросхемасының" жұмыс істеуіне арналған интегралды микросхеманың қондырғысын қамтиды.

"Микроорганизмдер" (1,2) - "оқшауландырылған дақылдар" түріндегі немесе әдейі осындай дақылдар жұқтырылған немесе ластандырылған қоректік ортаны қоса алғанда материал ретіндегі табиғи шыққан немесе өзгерген бактериялар, вирустар, микоплазма, рекитцелер, хломиделер немесе саңырауқұлақтар.

"Реактивті снарядтар" (1, 3, 6, 7, 9) – кемінде 300 км қашықтыққа салмағы кемінде 500 кг жүкті жеткізуге қабілетті толық зымыран жүйелері және пилотсыз ұшу аппараты .

"Моноталшық" (1) немесе жіп - ең кіші талшықтан тұрады, әдетте диаметрде бірнеше микрометр.

"Тұтастай құйылған интегралды схема" (3) - пассиві немесе белсенді "схемалар элементтерінің" комбинациясы, ол:

а. Диффузиялық процестер, инплантация процестері немесе микро кристалл деп аталатын жартылай өткізгіш материалдың бөлек бір бөлшегінің ішіне немесе үстіңгі бетіне шөгу арқылы жүргізіледі;

б. Ажырамастай қосылған болып есептеліне алады; және

в. Схеманың функцияларын орындай алады;

Айрықша ескертпе: 1. "Схема элементі" бөлек белсенді немесе электрондық схеманың пассивті деталі, бір диод, транзистр, резистр, конденсатор және осы секілділер.

"Бейнелердің моноспектральді бергіштері" (6) - бір дискретті спектральды диапазоннан бейне туралы ақпаратты алуға қабілетті бергіштер. Бейнелерді көп спектральды бергіштер.

"Көп кристалды интегралды схема" (3) - ортақ "төсемдегі" екі немесе одан көп " тұтастай құйылған интегралды схема"

"Көп ағымды өңдеу" (4):

а. Деректердің ағынын орталықтандырылған басқару архитектурасы (SIMD);

б. Деректердің ағынын параллельді-орталықтандырылған архитектурасы (MSIMD);

в. Тығыз байланысқандарын жақын байланысқандарын немесе әлсіз байланысқандарын қоса алғанда деректердің ағынын орталықсыздандырылған архитектурасы (MIMD); немесе

г. Систологиялық массивтерді қоса алғанда өңдеу элементтерінің массивтерін құрылымдау секілді әдістер арқылы бір немесе одан көп командалы жүйесімен басқарумен екі немесе одан көп деректердің жүйесін бір мезгілде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "микробағдарлама" немесе жабдықтардың архитектурасының әдісі.

Айрықша ескертпе: "Микробағдарлама" - арнаулы жадтағы элементарлар командалардың жүйесі, оларды орындау командалық регистрге команданы енгізумен жүргізіледі.

"Бейнелердің көпсектральды бергіштері" (6) - екі және одан көп дискретті спектральды диапозондардан бейне деректерді бір жолғы немесе жүйелі жинауды жүзеге асыруға қабілетті бергіштер. Жиырма дискретті спектральды диапазоны көп бергіштер бейнені гиперспектральды бергішгер ретінде белгілі.

"Табиғи уран" (0) - табиғи жағдайларда кездесетін изотоптардың қоспасы бар уран.

"Желіге қол жеткізетін контролер" (4) - коммутациялық желімен бөлінген физикалық интерфейс. Ол беруді басқара отырып (мысалы контролерді немесе әкеле жатқанды табуды) сандық берудің бірдей жылдамдығы кезінде жұмыс істейтін жалпы ортаны пайдаланады. Ол кез келген басқаға қатыссыз өзіне бағытталған деректер пакетін немесе деректер топтарын таңдайды (мысалы, IEEE802). Бұл компьютерге қондырылатын блок, немесе жүйеге қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялық жабдық.

"Нейронды ЭЕМ" (4) - нейронның немесе нейрондардың жиынтығының мінез-құлқын көрсету үшін жобаланған немесе модификацияланған есептеу құрылғысы , мысалы, алдында болған ақпараттың негізінде есептеу компоненттерінің көп шегінің өзара байланыстарының салмағы мен санын модульдейтін қабілетті аппаратура ретінде сипатталатын есептеу құрылғысы.

"Шудың деңгейі" (6) - шудың спектральды тығыздығының параметрлері арқылы білдірілген электр сигналы. Шудың деңгейі мен дыбыстың ең жоғары деңгейінің арасындағы арақатынас мынадай формуламен көрініс табады: S 2 pp = 8 N 0 (f 2 -f 1), мұндағы S PP - дыбыстың ең жоғары деңгейі (мысалы, нанотесладағы), N 0 - қуаттың спектральды тығыздығы (мысалы, (нанотесло) 2 /Гц) және (f 2 -f 1) - жиіліктердің белдеуі.

"Ядролық реактор" (0) - реактордың ішіндегі немесе корпусына қосылған барлық заттар, белсенді аймақта энергияның деңгейін басқаратын жабдық және әдетте тікелей қатынаста болатын немесе реактордың белсенді аймағының бірінші контурының салқандатқышын басқаратын компоненттер.

"Сандық бағдарламалық басқару" (2) - құрылғы жүзеге асыратын, сандық деректерді пайдаланылатын әдетте процестің өту шамасына қарай енгізілетін процесті автоматты басқару (көзі - 1502382).

"Объектілік код" (9) - бір немесе одан көп процестердің ыңғайға келетін көрінісін нысанын атқаруға жатады (бағдарламаның мәтіні немесе бағдарламаның тілі), ол бағдарламаланатын жүйемен жаңғыртылған.

"Оптикалық күшейту" (5) (оптикалық байланыстар) - электр сигналына жаңғыртусыз, мысалы, жартылай өткізгіш оптикалық күшейткіштерді талшықты, люминисцентті күшейткіштерді қолдана отырып, жеке оптикалық көзбен байланысқан оптикалық сигналдарды күшейту әдісі.

"Оптикалық ЭЕМ" (4) - деректерді, есептеу қисынының элементтері ұсыну үшін жарықты пайдалану мақсатымен жобаланған немесе модификацияланған немесе аппаратура. Ол тікелей байланысқан оптикалық құрылғыларға негізделген.

"Оптикалық интегралды схема" (3) - фотоқабылдағыш немесе фотокатот немесе оптикалық немесе электрооптикалық функцияларды орындау ретіндегі жұмысқа арналған бір немесе одан көп бөліктерден тұратын тұтастай құйылған интегралды схема немесе будан интегралды схема.

"Оптикалық коммутация" (5) - сигналдарды электр сигналдарына жаңғыртусыз оптикалық нысанда маршруттау немесе коммутация.

"Токтың жиынтық тығыздығы" (3) - соленойдтың көлденең қиылысуының ортақ алаңында бөлінген (аса өткізгіш жіптерді, матрицаны, металл, аса өткізгіш жіп, қабықшадағы материал, салқындату каналы және тағы басқалар орналастырылған металл матрицаны қоса алғанда) солинойдтағы ампер жіптердің жалпы саны (яғни әрбір жіптің барынша жоғары тоғына көбейтілген жіптердің санының жиынтығы).

"Қатысушы мемлекет" (7,9) - бұл Вассенар Уағдаластығының қатысушысы болып табылатын мемлекет. (См. www.wassenaar.org)

"Ең жоғары қуат"(6) - импульстің джоулдегі, импульстің секундтағы ұзақтығына бөлінген энергия.

"Дербес смарт-карта" (5) - смарт-картада белгілі бір қолданыс үшін алдын ала бағдарламаланған және кез келген басқа қолданыс үшін пайдаланушы қайта бағдарламалай алмайтын микросхема болады.

"Қуатты басқару" (7) - сигналдардың алгометрімен берілетін ұшу аппаратының биіктігіндегі қабылданған сигналдың қуаты әрқашан да биіктікті айқындау үшін талап етілетін ең аз деңгейде қолданылатындай етіп өлшеу.

"Қысым бергіштері" (2) - электр сигналында қысым өлшемдерін түрлендіруге арналған құрылғылар.

"Алдын ала бөлу" (0 1) - бақылаудағы изотоптың шоғырлануын ұлғайту мақсатында кез келген процесті қолдану.

"Ұшуды тікелей басқару" (7) - ұшу аппаратын тұрақтандыру немесе күш көздерімен (импульспен), мысалы, аэродинамикалық басқарылатын тегістіктермен немесе салмақ векторын өзгерту арқылы маневр жасау.

"Негізгі элемент" (4) - элементтің қатысы бар жүйенің жалпы бағасы 35% құрайтын оның ауыстыру құны болған жағдайда негізгі болып есептеледі. Жүйенің өндірушісі немесе жүйенің жинаушысы ол үшін төлейтін баға элементтің бағасы болып есептелінеді. Жалпы баға өндіру немесе берулерді жинақтау орнында қалыпты халықаралық баға болып табылады.

"Өндіріс" - барлық сатыны: құрастыруды, әзірлеуді, жинауды (орнатуды), тексеруді, сынақтан өткізуді, сапасын қамтамасыз етуді қамтиды.

"Өндірістік жабдық" (1, 7, 9) – "әзірлеу" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған немесе "өндірістің" бір немесе одан көп кезеңдері үшін аспаптық құралдардың, үлгілердің, қысқыш бейімдемелердің, жақтаулардың, білікшелердің, жалаушалардың, арматураның, реттеуге арналған тетіктердің жиынтығы, сынақтан өткізуге арналған жабдық.

"Өндірістік қондырғылар" (7, 9) – "өндірістік жабдық" және "әзірлеу" үшін немесе " өндірістің" бір немесе одан көп кезеңдері үшін монтаждау процесінде ол үшін арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету.

"Бағдарламалар" (2,6) - компьютердің атқаруына жататын нысанды орындауға немесе жаңғыруға арналған командалардың жүйелілігі.

"Импульсты қысу" (6) - РЛЖ үлкен ұзындықтағы сигналын оны импульстың жоғары энергиясының басымдығын сақтай отырып кеші ұзындықтағы сигналға айналдыру үшін кодтау және өңдеу.

"Импульстің ұзақтығы" (6) - импульстың толық ұласуынан жартысы бойынша өлшенген лазерді зерделеу импульсының ұзақтығы.

"Мықты модуляциялы лазер" (6) - энергия орналасу инверсиясында немесе оптикалық резонаторда жиналатын және импульстік режимде кейін сәулеленетін лазер.

"РЛЖ қайта құрылатын жиілікпен" (6) - импульстердің немесе импульстердің топтарының арасында импульстың жиіліктерінің белдеуінің еніне тең немесе одан асатын шамаға РЛЖ бергішінің жиілігін жеткізетін жалған кездейсоқтық жүйелілігіне сәйкес өзгеретін кез-келген әдіс.

"РЛЖ спектрін кеңейту" (6) - жиіліктердің тар белдеуіне қатысты кездейсоқ немесе жалған кездейсоқ кодтау әдістерін қолдану арқылы жиіліктердің мейлінше кең белдеуінде шоғырланған сигналдың энергиясын бөлуге арналған модуляцияның кез келген әдісі.

"Уақыттың нақты масштабындағы жиілік белдеуі" (2 3) сигналдардың динамикалық талдауыштары үшін - талдауыш бейнелеуші немесе еске сақтаушы құрылғыға талдаудың үздіксіздігін бұзусыз кіру ақпаратын бере алатын сигнал жиілігінің мейлінше кең диапазоны. Уақыттың нақты масштабында жиіліктердің белдеуін бағалау кезінде көп каналды талдауыштар үшін осы параметрдің мейлінше көп мәнімен каналдың конфигурациясы пайдаланылуы тиіс.

"Уақыттың нақты масштабындағы өңдеу" (6,7) - жүйелерді сыртқы оқиғалармен қозуы жағдайында жүктеменің деңгейіне қатыссыз жүйе реакциясының кепілдік берілген уақыт ішіндегі ресурстардың функциясының қызмет көрсетудің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін ЭЕМ деректерін өңдеу.

"Талап етілетін" (1 – 9) – "технологияға" қатысты бақыланатын деңгейлерге, сипаттамаларға немесе функцияларға қол жеткізуге немесе арттыруға мүмкіндік беретін технологиялардың бір бөлігін ғана білдіреді. Мұндай "талап етілетін" " технология" әртүрлі тауарларда болуы мүмкін.

"Рұқсат" (2) - өлшеу құрылғысындағы көрсеткіштердің мейлінше аз өсуі, сандық приборларда - кіші мәні бар бит (кезі - AMSB - 89.1.12).

"Робот" (2,8) - үздіксіз түрде немесе белгілі бір нүктелердің арасында қозғалыс жасап, өлшеу бергіштеріне ие болып және мынадай сипаттамалардың бәрі болатын манипулятор:

а. Көп функцияналдылық;

б. үш өлшемді кеңістікте қайта құрылатын қозғалыстар арқылы белгілі бір күйді орнатуға немесе материалды, детальдарды, аспаптарды немесе арнайы құрылғыларды бағдарлау қабілеті.

в. Тұйық немесе қусырылған контурмен, оның ішінде қадамдық двигательдермен үш немесе одан көп серло ретке келтірушілерді басқара алады; және

г. Бағдарланатын қисынды контролер бола алатын, яғни аралық механикалық операцияларсыз еске сақтау мен немесе компьютерді пайдалану есебінен оқыту әдісі арқылы "бағдарламалау мүмкіншілігімен қолжетімді пайдаланушы" бар.

Айрықша ескертпе: жоғарыда келтірілген анықтамаға мынадай приборлар кірмейді:

1. Тек қолмен немесе телеоператормен ғана басқарылатын манипуляторлар;

2. Тіркелген жүйеліктегі операциялары бар манипуляторлар, оған қозғалыстардың механикалық тіркелген бағдарламаланатын түрлеріне сәйкес жұмыс істейтін автоматтандырылған жұмыс істейтін құрылғылар жатады. Бағдарлама штивтер немесе жұдырықшалар секілді тіркегіштермен механикалық шектелген, қозғалыстардың жүйелігі және траекторияларды немесе бұрыштарды таңдау механикалық, электрондық немесе электр құралдарымен өзгертілмейді немесе алмастырылмайды;

3. Операциялардың ауыспалы жүйелігімен механикалық басқарылатын манипуляторлар, оларға қозғалыстардың механикалық тіркелген бағдарламаланатын түрлеріне сәйкес жұмыс істейтін автоматтандырылған жұмыс істейтін қозғалатын

құрылғылар жатады. Бағдарлама тіркелген, бірақ штивтер немесе жұдырықшалар секілді қайта құрылатын бейімдемелермен шектелінген, қозғалыстардың жүйелігі және траекторияларды немесе бұрыштарды таңдау бағдарламаның орнатылған құрылғының шеңберінде ауыспалы болып табылады. Бағдарламаның бір немесе бірнеше координаттарға қатысты құрылымының өзгеруі немесе модификациясы (мысалы, штивтердің өзгеруі немесе жұдырықшалардың ауысуы) тек механикалық операциялар арқылы ғана жүзеге асырылады;

4. Қозғалыстардың механикалық тіркелінетін бағдарламаланатын түрлеріне сәйкес жұмыс істейтін автоматтандырылған қозғалатын құрылғыларға жататын ауыспалы жүйеліктегі әрекеттерімен сервобасқарылмайтын манипуляторлар. Бағдарлама өзгертілуге жатады, бірақ опереционялардың жүйесі тек механикалық тіркелген электр приборлардан немесе қайта құрылатын тіркегіштерден болатын екі ұдай сигналдың көмегі кезінде ғана өзгереді;

5. Материалдарды ұсақтау үшін бункерлердің ажырамас бөлігі ретінде дайындалған және жүктеу немесе жүктен босату үшін осы бункерлердегілерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған декарттық координаттардағы манипулятордың қатарына жататын перфокарт қабылдағышы бар көтергіш құрылғылар.

"Орталықтан тепкіш тозаңдану" (1) - ағынның немесе ваннадағы балқыған металлдың орталықтан тепкіш күштер арқылы диаметрі 500 мкм немесе одан кіші тамшыларға айналу процесі.

"Тегістегіш" (1) - параллельді шүйкелерге шамалас орам (әдетте 12-120).

Айрықша ескертпе: "Шүйке" - "шамамен параллель орналасқан көп талшықтардың орамы" (әдетте 200 астам).

"Соғу" (2) - айналаның сыртқы немесе ішкі үстіңгі бетінде өлшеу нүктесінде шпинделдің перпендикулярлы білігінің жазықтығында өлшенген негізгі шпинделдің бір айналымдағы радиялды өзгеру (көзі - ISO230/1-1986, 5?61)

"Масштабты коэффициент" (7) ("гироскоп немесе алселерометр") - шығу сигналының өзгерісінің кіретін өлшенетін сигналдың өзгерісіне қатынасы. Масштабты коэффициент әдетте тік сызықтың қисаюы ретінде бағаланады, ол берілген диапазонның шектерінде кіру сигналының өзгеруі кезінде алынған деректерге сәйкес мейлінше аз квадраттардың әдісімен құрылуы мүмкін.

"Орнығу уақыты" (3) - шығу сигналына өзгергіштің кез келген екі деңгейінің арасында қайта іске қосылу кезінде оның түпкі мәнінен биттің жартысының деңгейіне қол жеткізу үшін талап етілетін уақыт.

"АЖҚЛ" - "Аса жоғары қуаттағы лазер".

"Сигналдарды талдауыш" - көп жиілікті сигналдың бір жиілікті модасының негізгі сипаттамаларын өлшеуге және бейнелеуге арналған аппаратура (3-Санат).

"Сигналды өңдеу" (3,4,5,6) - уақыт жағынан қысу, сүзу параметрді бағалау селекция , корреляция көріністің бір аясынан екіншісіне аудару немесе жаңғырту секілді

алгоритмдер арқылы ақпарат әкелетін сырттан алынған сигналдарды өңдеу (мысалы Фурьені жаңғырту немесе Вольшті жаңғырту)

Ескерту: Жартылай өткізгіш приборларды немесе интегралдық схемаларды жобалауға арналған кітапханалар, жобалық атрибуттар немесе тиісті деректер, " технология" ретінде қаралады;

3D003

3D004 3A103 тармақ бойынша бақыланатын жабдықты "әзірлеуге" арнайы әзірленген "бағдарламалық қамтамасыз ету":

3D004

3D101 3A101.b. тармағында көрсетілген жабдықты "қолдану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

3D 8523

3E Технология

3E101 3A001.a.1 немесе 2., 3A101, 3A102 немесе 3D101-тармақтарда көрсетілген жабдықты немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "қолдану" үшін жалпы технологиялық ескертулерге сәйкес "технологиялар".

3E102 3D001-тармаққа сәйкес бақылануға тиіс "бағдарламалық қамтамасыз етуді" " әзірлеу" үшін жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес "технологиялар".

3E003 "Әзірлеуге" немесе "өндіруге" арналған басқа да "технологиялар":

a. Вакуумды микроэлектрондық аспаптар;

b. Жоғары жылжымалы электронды транзисторлар секілді гетероқұрылымды жартылай өткізгішті аспаптар, гетероқұрылымды биполярлы транзисторлар, квантты ойықтары бар аспаптар немесе жоғары торлы аспаптар

Ескерту: 3E003.b. тармағы 31,8 ГГц-дан төмен жиіліктерде жұмыс істейтін жоғары жылжымалы электронды транзисторлар және 31,8 ГГц-дан төмен жиіліктерде жұмыс істейтін гетероқұрылымды биполярлы транзисторлар шығару жөніндегі технологияларды бақыламайды.

c. "Аса өткізгіш электронды аспаптар";

d. Электронды компоненттерге арналған алмаз пленкалы төсемдер;

e. Изолятор ретінде кремнийдің қос тотығы пайдаланатын интегралды схемаларға арналған "изолятордағы кремний" "төсемдер";

f. Электрондық компоненттерге арналған кремнийдің карбидінен жасалған төсемдер;

g. 31,8 ГГц немесе одан жоғары жиілікте жұмыс істейтін электровакуумдық шамдар

.

3E003

3E101 Жалпы технологиялық ескертуге сәйкес 3A001.a.1 немесе 2., 3A101 немесе 3D101 тармақтарда айқындалған жабдықтарды немесе "ету" "технологиялар"

3E101

3E102 Жалпы технологиялық ескертуге сәйкес 3D001 тармақта бақыланатын " бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеуге" арналған "технологиялар".

3E102

3E201 Жалпы технологиялық ескертуге сәйкес 3D001.e.2., 3A001.e.3., 3A201, 3A225 -тен 3A233-ті қоса алған тармақтарда айқындалған жабдықты "пайдалануға" арналған " технологиялар".

3E201

4-Санат

Есептеу техникасы

1-ескерту: Телекоммуникацияда немесе "жергілікті есептеу жүйелерінде" қолданылатын компьютерлер, тиісті жабдықтар мен "бағдарламалық қамтамасыз ету" де 5-санаттың 1-бөлімінде (Телекоммуникация) көрсетілген сипаттамаға сәйкестігіне орай талдануы тиіс.

2-ескерту: орталық процессорлардың шиналарды немесе арналарын, "жедел есте ұстау" немесе магнитті дискілердегі жинақтауларды бақылаушыларды тікелей байланыстыратын басқару құрылғылары 5-санаттың 1-бөлімінде қарастырылатын телекоммуникациялық аппаратура ұғымына кірмейді (Телекоммуникациялар).

Ерекше ескерту: Пакеттер коммутациясы үшін арнайы жасалған "бағдарламалық қамтамасыз етудің" бақылау мәртебесін анықтау үшін 5D001 тармақты пайдалану қажет (Телекоммуникациялар).

3-ескерту: Криптография, криптоталдау, ақпаратты көп салалы қорғауды сертификаттау функциясын немесе пайдаланушыларды оқшаулау не электромагниттік сәйкестікті шектеу (ЭМШ) функциясын атқаратын компьютерлер, тиісті жабдықтар мен "бағдарламалық қамтамасыз ету" де 5-санаттың 2-бөлімінде ("Ақпаратты қорғау") көрсетілген сипаттамаға сәйкестігіне орай талдануы тиіс.

4А Жүйелер, жабдық және компоненттер

4А001 Төменде аталған ЭЕМ және тиісті жабдықтар, сондай-ақ "электронды жиынтықтар" және олар үшін арнайы жасалған компоненттер;

Ерекше ескерту: сондай-ақ 4А101 қараңыз

а. Арнайы жасалған, мынадай сипаттамаларға ие:

1. Техникалық шарттар бойынша сыртқы ортаның 228 К (-45 о С)-тен

төмен немесе 358 К (85 о С)-тен жоғары температурада жұмыс істеу үшін жарамды;

Ескерту: 4А001.а.1. тармағы азаматтық автомобильдер мен темір жол локомотивтері үшін арналған компьютерлерге қолданылмайды.

2. Радиациялық-шыдамды, төмендегі талаптардың кез-келгенінен асып түсетін:

a. Сіңірушілік дозасы = 5 х 10 3 рад (кремний);

b. Доза күшінің төмендеуі = 5 х 10 6 рад (кремний)/с; немесе

c. Жоғары энергетикалық бөлшектерден төмендеу = 1 х 10 -7 қате /бит/ күн;

b. 5-санаттың (Ақпаратты қолдау) 2-бөлігінде көрсетілген шектен тыс сипаттамаларға немесе функциональдық ерекшеліктерге ие.

Ескерту: 4А001.b тармағы пайдаланушы жеке өзі пайдалану мақсатымен алып жүретін компьютерлер мен тиісті жабдықтарға қолданылмайды.

4А001 a. 8471 30 000 0

8471 41 000 0

8471 49 000 0

8471 50 000 0

4А001 b. 8471 30 000 0

8471 41 000 0

8471 49 000 0

8471 50 000 0

4А002 8471 30

4А003 "Цифрлық компьютерлер", "электрондық құрастырмалар", ілеспелі жабдық және олар үшін арнайы әзірленген компоненттер

1-ескертпе: 4А003 тармақ:

a. векторлық процессорларды;

b. матрицалы процессорларды;

c. сигналды өңдейтін цифрлық процессорларды;

d. логикалық процессорларды;

e. "бейне сапасын жақсартуға" арналған жабдықты қамтиды.

2-ескертпе: 4A003 тармақта баяндалған "цифрлық компьютерлердің" және ілеспелі жабдықтардың бақылау мәртебесі, егер төмендегідей болған жағдайда, басқа жабдықтың немесе басқа жүйелердің бақылау мәртебесімен айқындалады:

a. "Цифрлық компьютерлер" немесе ілеспе жабдықтар басқа жабдықтың немесе басқа жүйелердің жұмысы үшін қажет болса;

b. "Цифрлық компьютерлер" немесе ілеспе жабдықтар басқа жабдықтың немесе басқа жүйелердің негізгі элементі болып табылмаса; және

1-арнайы ескертпе:

Жабдықтардың функциялары басқа жабдықтың функционалдық қызметімен шектелген басқа жабдықтар үшін арнайы жобаланған "сигналдарды өңдеу" немесе " бейне сапасын жақсару" бақылау мәртебесі, егер алғашқысы "негізгі элементтің" критерийлеріне сәйкес келгеннің өзінде, басқа жабдықтың бақылау мәртебесімен айқындалады.

2-арнайы ескертпе:

"Цифрлық компьютерлердің" немесе телекоммуникациялық аппаратураларға арналған ілеспелі жабдықтың бақылау мәртебесін айқындау үшін 5-санаттың (Телекоммуникациялар) 1-бөлігін қараңыз.

c. "Цифрлық компьютерлерге" және ілеспе жабдыққа арналған "технология" 4E тармағының әрекетіне түседі.

a. "Тоқтатуға төзімділікті" қамтамасыз ету үшін әзірленген немесе модификацияланған;

Ескертпе: "цифрлық компьютерлер" мен ілеспе жабдықтар, егер оларда мыналардың кез келгені пайдаланылатын болса, 4A003.a тармағының мақсаты үшін " тоқтамауға төзімділікті" қамтамасыз ету үшін жобаланған немесе модификацияланған болып есептелмейді:

1. "Жедел жадта" сақталатын қатені табу немесе түзету алгоритмі.

2. Екі "цифрлық компьютердің" өзара байланысы, егер белсенді орталық процессор істен шықса, күтуші, бірақ қадағалаушы орталық процессор жүйенің қызметін жалғастыра алады;

3. Бір орталық процессорды екінші орталық процессор істен шыққанша басқа жұмысты орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін екі орталық процессордың деректерді беру арналары арқылы немесе ортақ жадыны қолданумен өзара байланысы, онда бірінші орталық процессор жүйенің қызметін жалғастыру үшін оның жұмысын өзіне алады; немесе

4. Бір орталық процессор істен шыққанда, екінші орталық процессор оның жұмысын танып, істен шыққан құрылғының міндеттерін қалпына келтіретіндей "

бағдарламалық қамтылым" арқылы біріктірілген екі орталық процессордың үйлесімділігі.

b. "Жиынтық теориялық өнімділікке" ие ("ЖТӨ") 190 000 жоғары Смтоп (секундына миллион теориялық операциялар) "цифрлық компьютерлер";

c. "Есептеу элементтерін" біріктіру жолымен өнімділікті көтеру үшін біріктірілген құрастырмалардың жиынтық теориялық өнімділігі 4A003.b. тармағында көрсетілген шектеуден асатындай етіп арнайы әзірленген немесе модификацияланған "электронды құрастырмалар";

1-ескертпе:4A003.c. тармағы "электронды құрастырмалармен" байланыссыз түрде қойылған кезде, 4A003.b. тармағында көрсетілген шектен аспайтын "электрондық құрастырмалар" мен бағдарланатын өзара байланыстарға ғана таралады. Ол 4A003.d. немесе 4A003.e. тармақтары бойынша бақыланатын, құрылымы тек ілеспелі жабдық ретінде пайдалану үшін жарамды "электрондық құрастыруларға" ғана жарамды емес.

2-ескертпе: 4A003.c тармағы ең жоғарғы конфигурациясы 4A003.b. тармақта көрсетілген шектен аспайтын өнім немесе өнімдердің тұтас бір тобы үшін арнайы әзірленген "электрондық құрастырмаларды" бақыламайды.

g. "Цифрлық компьютерлердің" немесе ілеспе жабдықтың сыртқы жалғануын қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленген және 1.25 Гбайт/с-тен астам жылдамдықпен деректер беруге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жабдық.

Ескертпе: 4A003. тармақ бойынша ішкі қосындыларға арналған жабдық (мысалы, артқы панелдер, шиналар), қосындыларды қамтамасыз етуге арналған пассивті жабдық, "желілік бақылаушылар" немесе "коммуникациялық арналардың бақылаушылары" бақыланбайды.

4A003a	8471 (аналогтық немесе гибридтік есептегіш машиналардан басқа) 8443 31 8443 32 8528
A003b.	8471 (аналогтық немесе гибридтік есептегіш машиналардан басқа) 8443 31 8443 32 8528 8517 62 000
4A003 c.	8471 (аналогтық немесе гибридтік есептегіш машиналардан басқа)
4A003 d.	
4A003 e.	8471 90 000 0 8525 60 000 8517 12 000 0 8517 61 000 8543 90 000

4A003 g. 8471 90 000 0
8517 61 000

4A004 Төменде аталған ЭЕМ, арнайы әзірленген тиісті жабдық, "электрондық құрастырма" және оларға арналған компоненттер:

a. "Систоликалық матрицалы ЭЕМ";

b. "Нейрондық ЭЕМ";

c. "Оптикалық ЭЕМ";

4A004 a. 8471

4A004 b. 8471

4A004 c. 8471

4A101.a.1. тармақта айтылғандардан басқа, 9A004 тармақ бойынша бақыланатын ғарыштық аппараттарда немесе тармақ бойынша бақыланатын ракета-зондтарда пайдалану үшін конструкциясы күшейтілген немесе модификацияланған аналогті компьютерлер, "цифрлық компьютерлер" немесе цифрлық дифференциальды талдағыштар.

4A101 9A104.

8471

4A102 9A004 тармақ бойынша бақыланатын ғарыштық аппараттардың немесе 9A104 тармақ бойынша бақыланатын ракета-зондтар жобасын модельдеу, кейіптеу немесе интеграциялау үшін арнайы әзірленген "гибридті компьютерлер".

Ескерту: Бұл бақылау жабдық 7D103 немесе 9D103 тармақтары бойынша бақыланатын бағдарламалық қамтамасыз етумен қамтылған жағдайда ғана қолданылады.

4A102 8471

4B Сынақ, бақылау және өндірістік жабдық

Жоқ.

4C Материалдар

Жоқ.

4B Бағдарламалық қамтамасыз ету

Ескерту: Басқа санаттарда көрсетілген жабдықты "әзірлеу", "өндіру" немесе " пайдалану" үшін "бағдарламалық қамтамасыз етудің" бақылау мәртебесін тиісті санат айқындайды. Берілген санатта осы санаттың жабдығы үшін "бағдарламалық қамтамасыз етудің" бақылау мәртебесі айқындалған.

4D001 a. 4A001-ден 4A004-ке дейінгі немесе 4D тармақтар бойынша бақыланатын жабдықты "әзірлеу", "өндіру" немесе "пайдалану" немесе "бағдарламалық қамтамасыз ету" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

b. 4D001.a. тармағы бақылайтын "бағдарламалық қамтамасыз етуден" өзгеше, төменде санамаланғандарды "әзірлеу" немесе "өндіру" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету":

1. Секундына 28 000 миллион теориялық операциядан асатын (Mtops) "құрамдас теориялық өнімділікке" (ҚТӨ) ие цифрлық ЭЕМ; немесе

2. 4D001.b.1, тармағында белгіленген "ҚТӨ" шоғырлануының шегін арттыру үшін " есептеу элементтерінің" шоғырлану (конфигурациялау) функциясын жақсарту үшін арнайы әзірленген және модификацияланған "электрондық жинама".

4D001

4D002 4E тармақ бойынша бақыланатын "технологияларды" қолдау үшін арнайы жобаланған немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

4D002

4D003 Арнайы "бағдарламалық қамтамасыз ету", мыналар сияқты:

a. "Бастапқы мәтінде" "мәліметтерді көп ағынды өңдеу" жабдығы үшін арнайы әзірленген операциялық жүйелерді "бағдарламалық қамтамасыз ету", "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеу" үшін инструментарий және компиляторлар;

b. Пайдаланылмайды;

c. 5-санаттың ("Ақпаратты қорғау") 2-бөлігінде көрсетілген шектен асатын сипаттамаға ие немесе функцияны атқаратын "бағдарламалық қамтамасыз ету";

Ескерту: 4A001.c тармақ пайдаланушы жеке өзінің пайдалану мақсатына алып жүретін "бағдарламалық қамтамасыз етуге" қолданылмайды.

4D003

4E Технологиялар

4E001 4A немесе 4D тармақ бойынша бақыланатын, Жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "әзірлеу", "өндіру" немесе "пайдалану" жабдығы немесе " бағдарламалық қамтамасыз ету" үшін арналған "технологиялар".

b. 4E001.a. тармағымен бақыланатындардан басқа, төменде көрсетілгендерді " әзірлеу", "өндіру" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "технологиялар" :

1. Секундына 28 000 миллион теориялық операциядан асатын (Mtops) "құрамдас теориялық өнімділікке" (ҚТӨ) ие "цифрлық ЭЕМ-дар"; немесе

2. 4E001.b.1 тармағында белгіленген, "ҚТӨ" концентрациясының шегін арттыру үшін есептеу элементтері шоғырлануын (конфигурациясын) жақсарту үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "электрондық жинақтамалар".

4E001

"Теориялық жиынтық өнімділікті" ("ТЖӨ") есептеу жөніндегі техникалық ескерту

Осы техникалық ескертуде пайдаланылатын қысқартулар:

"ЕЭ" Есептеу элементі (қарапайым арифметикалық қисынды құрылғы)

ЖҮ Жүзбелі үтір
ТҮ Тіркелген үтір
Т Орындау уақыты
XOR Жоюшы немесе
ОП Орталық процессор
ТӨ Теориялық өнімділік (бір "ЕЭ")
"ТЖӨ" Теориялық жиынтық өнімділік (барлық "ЕЭ"-лердің)
R Есептеудің тиімді жылдамдығы
СҰ Сөздің ұзындығы
L Сөз ұзындығын түзету
х Көбейту белгісі

"t" орындау уақыты микросекундпен белгіленеді, ТӨ және ТЖӨ секундына миллион теориялық операциялармен (Смтоп) көрсетіледі, СҰ битпен белгіленеді.

ТЖӨ есептеудің негізгі тәсілі

"ТЖӨ" - бұл секундына миллион теориялық операциялар есептеу өнімділігінің шамасы, есептеу элементтерінің ЕЭ конфигурациясының "ТЖӨ" есептеп шығару кезінде мына үш кезеңді орындау қажет:

1. Әрбір "ЕЭ" үшін тиімді есептеу жылдамдығын анықтау;
2. Бұл жылдамдық (К) үшін сөз ұзындығын (L) түзету керек, нәтижесінде әр "ЕЭ" үшін теориялық өнімділікті (ТӨ) бермек;
3. Егер "ЕЭ" біреуден артық болса, онда ТӨ-ні біріктіру және осы конфигурация үшін ТЖӨ жалпы санын алу керек болады.

Толық баяндалуы төменде көрсетілген.

1-ескерту: Ортақ жадыға, сондай-ақ әрбір ішкі жүйе жадысына ие ішкі жүйелерге біріктірілген көптеген "ЭЕ" үшін "ТЖӨ"-ні есептеу екі кезеңде жүргізіледі: алдымен " ЕЭ" бірлесіп пайдаланылатын есте сақтау құрылғысымен топтарға біріктіріледі, содан кейін ұсынылған әдісті пайдалану арқылы жалпы жадыға ие емес барлық "ЕЭ" топтары үшін "ТЖӨ" есептеліп шығарылады.

2-ескерту: Іс-әрекет жылдамдығы мәліметтерді енгізу-шығару құрылғысының және шеткері функциональдық блоктар жұмысының жылдамдығымен шектеулі (мысалы, дисковод, беру және дисплей жүйелерін бақылаушылар) "ЕЭ" "ТЖӨ"-ні есептеу кезінде біріктірілмейді.

"ТЖӨ" Бойынша техникалық ескерту

Төменде келтірілген кестеде әрбір "ЕЭ" үшін R-дің тиімді жылдамдығын есептеп шығарудың есептеу әдісі көрсетіледі:

1-кезең: R-ді есептеп шығарудың тиімді жылдамдығы

Әрекеттерді орындаушы "ЕЭ" үшін:	

Ескерту: әрбір "ЕЭ" жеке-дара бағалануы тиіс	R-ді есептеп шығарудың тиімді жылдамдығы
Тек ТҮ-ден	1 (Rxp)=---------- 3x(t xpadd) егер қосу операциялары болмаса: 1 (Rxp)=--------- (t xpmult) Егер де қосу операциясы, не көбейту операциясы болмаса, онда Rтү бар арифметикалық операциялардың ең шапшаңы арқылы есептеледі 1 (Rxp)=-------- 3x(t xp) X және Z ескертулерін қараңыз
Тек ЖҮ-ден	1 1 (R fp)=max-------,------- (t fpadd) (t fpmult) X және Z ескертулерін қараңыз
Екі түрі - ТҮ-ден және ЖҮ-ден. (R)	Rпү, Rжү екі маңызын есептеп табу
Көрсетілген арифметикалық операцияларды орындамайтын қарапайым логикалық процессорлар үшін	3 R=-------- 3xt log Мұндағы t log - "жоққа шығарушы ИЛИ"-ді орындаудың немесе "жоққа шығарушы ИЛИ"-ді орындамайтын аппараттық логика үшін уақыт, ең шапшаң және қарапайым логикалық операция. X және Z ескертулерін қараңыз
Көрсетілген арифметикалық және қисынды операцияларды орындамайтын арнайы қисынды процессорлар үшін.	R=R'x WL/64, Мұндағы R' - секундтағы нәтижелер саны, WL - логикалық операциялар орындалатын биттер саны, ал 64-64 биттік операцияның қалыптасу факторы.

W ескерту : Деректерді ағындық өңдеу режимінде жұмыс істейтін және әрбір машиналық тактіде бір арифметикалық немесе логикалық операциялар орындауға арналған "ЕЭ" үшін есептеу жылдамдығы цикл аяқталған соң айқындалуы мүмкін. Мұндай "ЕЭ" үшін есептеудің тиімді жылдамдығы (R) мәліметтерді ағындық өңдеу режимінде онсыз режимдегіге қарағанда жоғары.

X ескерту : Бір цикл ішінде көп мәрте арифметикалық операциялар орындайтын " ЕЭ" үшін (мысалы, цикл ішінде екі қосу немесе цикл ішінде екі тәуелсіз логикалық операциялар) t орындау уақыты былайша есептеледі:

циклдың уақыты t =

бір машиналық циклдегі тәуелсіз операциялардың саны

Бір машиналық циклде түрлі үлгідегі арифметикалық немесе логикалық операцияларды орындайтын "ЕЭ" бір мезгілде жұмыс істейтін көптеген жекелеген "ЕЭ " (мысалы, бір циклде қосу және көбейту операцияларын орындайтын "ЕЭ" екі "ЕЭ"

ретінде қаралуы тиіс, олардың біреуі бір циклде қосуды, ал екіншісі - көбейтуді орындайды) ретінде қаралуы тиіс. Егер жекелеген "ЕЭ" скалярлы да, сондай-ақ векторлы де функцияларды орындайтын болса, онда орындаудың ең қысқа уақытының мәні пайдаланылады.

Y ескерту: Егер "ЕЭ" ЖҮ-мен не қосу операцияларын, не ЖҮ-мен көбейту операцияларын орындамай, бірақ ЖҮ-мен бөлу операцияларын орындайтын болса, онда:

1

Rжү =

t бөлу ЖҮ

Егер "ЕЭ" кері шаманы алу операцияларын орындап, бірақ ЖҮ-мен не қосу операцияларын, ЖҮ-мен не көбейту немесе бөлу операцияларын орындамайтын болса, онда:

1

Rпз = t ЖҮ кері шамасын алу

Егер көрсетілген командалардың бірде-біреуі орындалмайтын болса, онда орындаудың тиімді жылдамдығы R жү=0

Z ескерту: Қарапайым қисындық операция - бұл бір командада берілген ұзындықтың екі операндасынан артық емес бір логикалы іс-қимыл орындалатын операция. Күрделі логикалық операция - бұл бір командада екі немесе одан көп операндалармен көп мәрте қисындық іс-қимылдар орындалатын және бір немесе бірнеше нәтижелер берілетін операция.

Есептеулердің жылдамдығы операндалардың барлық қолдау көрсетілетін ұзындықтары үшін есептеледі, бұл ретте деректерді өңдеудің екі режимі де ағындағы да (егер қолдау көрсетілсе) және ағындық емесі де қаралады және мыналарға негізделген операндоның әрбір ұзындығы үшін ең тез командалар пайдаланылады:

1. Реттіліктегі операциялар немесе регистр-регистр операциялары. Алдын ала айқындалған операндоға немесе операндоларға арналған операциялар үшін генерацияланатын орындаудың аса қысқа уақытын болдырмайды. (мысалы, 0 немесе 1-ге көбейту). Егер регистр-регистр үлгісіндегі операцияларға қолдау көрсетілмесе, (2) тармақты басшылыққа алу керек.

2. Регистр-регистр немесе жады-регистр үлгісіндегі ең тез операциялар. Егер мұндай үлгідегі операцияларға қолдау көрсетілмесе, (3) тармақты басшылыққа алу керек.

3. Жады-жады үлгісіндегі операциялар.

Кез келген жағдайда жоғарыда санамаланғандардың ішінен дайындаушының паспорттық деректерінде көрсетілген операцияларды орындаудың ең қысқа уақытын пайдаланыңыз.

2-кезең: СҰ әрбір қолдау көрсетілетін операндоның ұзындығы үшін ТӨ

R (немесе R') есептеулерінің тиімді жылдамдығын L сөз ұзындығын түзете отырып мынадай түрде қайта есептеңіздер:

ТП= R x L

мұндағы L = (1/3 + ДС/96)

Ескерту: Осы есептеуде пайдаланылатын СҰ сөз ұзындығы - бұл биттегі операнданың ұзындығы. (Егер операцияда түрлі ұзындықтағы операндалар іске қосылған болса, ең жоғары СҰ-ны пайдаланыңыз.)

Жүзбелі үтірмен есептеу жүргізуге қабілетті процессордағы немесе функционалдық құрылғыдағы арифметикалық және логикалық құрылғының (АЛҚ) комбинациясы және АЛҚ экспоненттері ТЖӨ-ні есептеу кезінде сөз ұзындығы (СҰ) деректерді ұсынудағы биттердің (32 немесе 64 разрядтағы) санымен барабар бір "ЕЭ" ретінде қаралады.

Бұл есептеу ХОК операциясы пайдаланылмайтын мамандандырылған логикалық процессорларға қолданылмайды. Бұл жағдайда:

ТП=R.

Төмендегілер үшін ТҮ-нің ең жоғары нәтижелі мәнін таңдаңыз:

Тек Т (R тү)-мен іс-қимыл атқарушы әрбір "ЕЭ" үшін;

Тек ЖҮ (R жү)-мен іс-қимыл атқарушы әрбір "ЕЭ" үшін;

ЖҮ-мен де, ТҮ (R)-мен де іс-қимыл атқарушы әрбір "ЕЭ" үшін;

Көрсетілген арифметикалық операциялардың бірде-біреуін орындамайтын әрбір қарапайым логикалық процессор үшін; және

Көрсетілген арифметикалық немесе логикалық операциялардың бірде-біреуін орындамайтын әрбір мамандандырылған логикалық процессор.

3-кезең: ОП-ны қоса алғанда, "ЕЭ" конфигурациясы үшін "ТЖӨ" есебі.

Бір "ЕЭ"-лі ОП үшін

"ТЖӨ" = ТӨ

(ТҮ-мен де, сондай-ақ ЖҮ-мен де операциялар орындайтын "ЕЭ" үшін

ТӨ = max (ТӨ жү , ТӨ тү)

Бір мезгілде жұмыс істейтін көп "ВЭ" конфигурациялары үшін "ТЖӨ" есебі:

1-ескерту: "ЕЭ"-нің мүмкін конфигурацияларының арасынан барлық "ВЭ"-нің бір мезгілде жұмыс істеуіне жол бермейтін конфигурациялар үшін ең көп "ТЖӨ" конфигурацияны таңдап алынады. "ЕЭ"-нің әрбір мүмкін конфигурациялары үшін " ТЖӨ"-ні есептегенде ТӨ-нің мәні үшін оның ең мүмкін теориялық мәні таңдап алынады.

Ерекше ескерту: "ЕЭ" бір мезгілде жұмыс істейтін мүмкін конфигурациялар ең баяу "ЕЭ"-ден бастап (операцияларды орындау кезінде циклдардың ең көп саны орындалатын) және ең тез "ВЭ"-мен аяқтағанда командаларды барлық "ВЭ"-нің орындауымен айқындалады. Машиналық цикл командаларының белгілі бір ретінің ішінде орнатылатын есептеу элементтерінің конфигурациясы мүмкін конфигурация болып та табылады. Командалардың ретін айқындау кезінде жауып тастайтын

операцияларға арналған аппараттық және/немесе архитектуралық жіктеулерді назарға алу керек.

2-ескерту: Бір интегралды микросхемада немесе бір баспа палатасында көптеген "ЕЭ" бола алады.

3-ескерту: Егер дайындаушы осы жүйелерді басқару жөніндегі нұсқаулықта немесе кітапшада біріктірілген, орны ауыстырылған, қатарлас немесе бір мезгілдік операциялардың немесе іс-қимылының болуы туралы мәлімдесе, "ЕЭ"-нің бір мезгілдегі жұмыс істеуі орын алады деп есептеледі.

4-ескерту: "ТЖӨ"-нің мәні "жергілікті есептеу желілеріне", кең ауқымды есептеу желілеріне, ортақ кірме-шығару құрылғыларына, кірме-шығару бақылаушылары мен "бағдарламалық құралдармен" іске асырылған кез келген басқа да коммуникациялық қосылыстарға байланыстырылған "ВЭ" комбинациялары үшін қосындыланбайды.

5-ескерту: "ЕЭ" арнайы әзірленген аппараттық құралдарды пайдалану жолымен біртұтас конфигурацияға біріктірілген жағдайда, "ТЖӨ"-нің мәні "ЕЭ"-ні біріктіру, олардың бір мезгілдегі жұмысы мен жад бөлу (немесе көбейту) есебінен олардың сипаттамаларын арттыру үшін арнайы әзірленген көптеген "ЕЭ" үшін қосындылануы тиіс.

Мұндай біріктірілу 4А003.С тармағында сипатталған "электрондық жинақтауларға" жатпайды.

"ТЖӨ" = ТӨ 1 + С 2 х ТӨ 2 +... + С n х ТӨ n ,

мұнда ТӨ мәні оның шамасы бойынша ретке келтірілген, яғни ТӨ1 мейлінше үлкен шамаға ие, ТӨ2 шамасы бойынша екінші маңызға ие, солай кете береді, сөйтіп ақырында, ТӨn ең аз шамаға ие болады. Сі коэффициенттері мынадай түрде "ЕЭ" арасындағы өзара байланыс күшімен айқындалады:

Жалпы жадтағы бір мезгілде жұмыс істейтін ЕЭ көп болған жағдайда:

С 2 = С 3 = С 4 =...= С n = 0,75

1-ескерту: Егер жоғарыда аталған әдіс бойынша есептелген "ТЖӨ" шамасы 194 Мтопс-тен аспаса, онда Сі былай айқындалына алады:

0,75 С i =---------- (i=2,...,n) Vm

мұндағы m = әрбір "ЕЭ" немесе жалпы қол жетімді "ЕЭ" топтары, мынадай шартта:

1. Әрбір "ЕЭ"-тің немесе "ЕЭ" топтарының ТР i -і 30 Мтопс-тен аспайды.

2. "ЕЭ" немесе жалпы қол жетімді "ЕЭ" топтары негізгі жадқа бір арна бойынша жүзеге асырылады (кэш-жадты қоспағанда); және

3. Тек бір "ЕЭ" немесе "ЕЭ" тобы осы арнаны кез келген уақытта пайдалана алады.

Ерекше ескерту: мұның 3-санат бойынша бақыланатын бұйымдарға қатысы жоқ.

2-ескерту: Егер олар қатты денелі жадтың жалпы блогына бағытталатын болса "ЕЭ" жалпы жадқа ие деп есептелінеді. Бұл жад кэш-жадты, жедел жадты немесе ішкі жадты қамти алады. Диск енгізгіш, магнит таспасындағы жинақтаушылар немесе еркін қол жеткізілетін дискілер түріндегі сыртқы жад мұнда кірмейді.

Жалпы жадқа ие емес, деректер берудің бір немесе одан көп арналарымен өзара байланысты көптеген "ЕЭ" немесе "ЕЭ" топтары жағдайы үшін:

C i = 0,75x ki (i = 2,...,32) (Төмендегі ескертуді қараңыз)

= 0,60 x ki (i = 33,...,64)

= 0,45 x ki (i = 65,...,256)

= 0,30 x ki (i > 256),

C i мәні "ЕЭ" санына байланысты және байланыстардың санына қатысты емес.

мұндағы

k i = min (S i /K r , 1), және

K r = 20 МБайт/с-ға тең нормалаушы көбейткіш

S i = жалпы жадқа ие, "ЕЭ"-нің немесе "ЕЭ" топтарының i-не жататын деректер берудің барлық арналары үшін деректер берудің ең жоғары жылдамдығының жиынтығы.

"ЕЭ" тобы үшін есептеу кезінде топтағы бірінші "ЕЭ"-нің нөмірін Ci үшін өзінің шегі айқындайды. Мысалы, әрқайсысы үш "ВЭ"-ден тұратын топтар конфигурациясында 22-топ "ЕЭ" 64 , "ЕЭ" 65 және "ЕЭ" 66 -ны қамтитын болады. Осы топтағы Ci -дің өзінің шегі 0,60-қа тең.

Конфигурацияларды ("ЕЭ" немесе "ЕЭ" топтары) ең тезінен ең баяуына қарай анықтау керек, яғни:

ТӨ 1 >= ТӨ 2 >=...>= ТӨ n , және

ТӨ i = ТӨ i+1 , жағдайында ең үлкен мәнінен ең төмен мәніне қарай анықтау керек, яғни:

C i < C i+1

Ескерту: егер ТП i "ЕЭ" немесе "ЕЭ" топтары 50Мтопс-тен үлкен болса, кі көбейткіші 2-ден 12-ге дейінгі "ЕЭ"-ге қолданылуы тиіс емес; яғни "ЕЭ" үшін C i : 2-ден 12-ге дейін 0,75-ке тең.

5-Санат

Телекоммуникациялар және "ақпарат қорғау" 1-Бөлім

Телекоммуникациялар

1-ескерту: Телекоммуникациялық жабдық немесе жүйелер үшін арнайы әзірленген компоненттердің "лазерлік", сынақ және "өндірістік" жабдықтың, материалдар мен " бағдарламалық қамтамасыз ету" жабдығының бақылаулық мәртебесі 5-санаттың 1-бөлімінде айқындалады.

2-ескерту: Телекоммуникациялық жабдықтың жұмыс істеуі немесе қолдау үшін қажетті "цифрлық ЭЕМ", онымен байланысты жабдық немесе "бағдарламалық қамтамасыз ету" бұл санатта олар өндіруші беретін стандартты моделдер болып

табылатын жағдайда арнайы жобаланған компоненттер ретінде қаралады. Бұл жерде әңгіме компьютерлік жүйелердің жұмыс істеуі, әкімшіліктендірілуі, пайдаланылуы, жобалану немесе құқықтық мәселелері жөнінде болып отыр.

5А1 Жүйелер, жабдық және компоненттер

5А001 а. Мынадай сипаттамалардың, қасиеттердің немесе функциялардың кез келгеніне ие телекоммуникациялық жабдық:

1. Ядролық жарылыс кезінде туындайтын қысқа уақыттық электрондық немесе электромагниттік импульстердің әсерінен қорғау үшін арнайы әзірленген;

2. Гаммалық, нейтрондық немесе иондық сәулеленуге жоғары төзімділігі бар; немесе

3. 218 К (-55 о С)-тен 397 К (124 о С)-ке дейінгі температуралы аралық шектерінде жұмыс істеу үшін арнайы әзірленген.

Ескертпе: 5А001.а.3 тармақ тек электронды аппаратураға қолданылады.

Ескертпе: 5А001.а.2 және 5А001.а.3 тармақтар спутниктердің борттық аппаратурасына қолданылмайды.

b. Мынадай сипаттамалардың, қасиеттердің немесе функциялардың кез келгеніне ие , телекоммуникациялық қабылдау-беру жүйелері мен аппаратура және арнайы әзірленген компоненттер мен ілеспелі жабдық:

1. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие су асты байланысының жүйелері:

a. 20 Гц-ден 60 кГц-ке дейінгі интервал шектеріндегі жиіліктегі акустикалық;

b. 30 кГц-ден төмен жиіліктегі электромагнитті пайдаланатындар;

c. Сәулені электронды сканерлеу әдістерін пайдаланушылар;

2. 1,5 МГц-ден 87,5 МГц-ге дейінгі жиіліктер диапазонында жұмыс істейтін, мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие радиоаппаратура:

a. 15 децибел кедергі сигналын басуды қамтамасыз ететін адаптивті әдістерді қамтитын; немесе

b. Мынадай құрауыштары бар:

1. Жиіліктердің мәнін және беруді оңтайландыруға арналған арнаға "цифрлық берудің жалпы жылдамдығын" автоматты болжайтын және таңдайтын; және

2. 1,5 МГц немесе одан жоғары жиілік диапазонында 1 кВт немесе одан артық шығу қуатымен бірақ 30 МГц-дан аз 250 Вт немесе одан жоғары шығу қуатымен 30 МГц немесе одан жоғары жиілік диапазонында, бірақ 87,5 МГц-дан артық емес, бір октавада "өткізудің шекті белдеуінен" жоғары немесе одан артық және шығуында 80 дБ-дан жақсы үйлестірмемен және бұрмалаулармен арақатынастағы көптеген сигналдарды бір мезгілде қолдауға қабілетті қондырылған қуатты сызықты күшейткіш;

3. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие, "жиіліктердің секірмелі қайта реттелуін" қоса алғанда, "спектрдің кеңею" әдісін пайдаланатын радиоаппаратура:

a. Пайдаланушы бағдарламалайтын кеңею кодтары; немесе

b. Жиіліктерді беру белдеуінің жиынтық ені кез келген бір ақпараттық арнаның белдеуінен 100 немесе одан көп рет асатын және 50 кГц-ден астам құрауыштары бар:

Ескертпе: 5A001.3.b тармақ бойынша азаматтық ұялы байланыс жүйелерінде пайдалану үшін арнайы әзірленген жабдық бақыланбайды.

Ескертпе: 5A001.b.3. тармақ бойынша 1,0 Вт немесе одан кем шығу қуатымен жұмыс істейтін жабдық бақыланбайды.

4. "Кең алаңды жиілікті модуляция" (КЖМ) әдісін пайдаланатын, пайдаланушы бағдарламалайтын арна жасауы немесе код беруі (скремблирлеуші) бар радиожабдық;

5. Мынадай барлық сипаттамаларға ие цифрлық басқарылатын радиоқабылдағыштар:

a. 1000-нан астам арнасы бар;

b. "Жиілікті қосу уақыты" 1 мс-ден кем;

c. Электромагниті жиіліктер саласында автоматты іздеу немесе сканерлеу; және

d. Қабылданған сигналды бірдейлендіру немесе беруші түрінің мүмкіндігі; немесе

Ескертпе: 5A001.b.4 тармақ бойынша азаматтық ұялы байланыс жүйелерінде пайдалану үшін арнайы әзірленген радиожабдық бақыланбайды;

6. 2400 бит/с-тен кем жылдамдықтағы сөзді кодтауды қамтамасыз етуге арналған " сигналды цифрлық өңдеу" функциясын пайдаланады;

Техникалық ескертпе: Айнымалы жылдамдықтағы сөзді кодтауды қамтамасыз ету үшін 5A001.b.6. тармағы сөзді кодтау үшін үздіксіз сөздік шықпаны қолданады.

c. Мыналар сияқты оптоталшықты байланыс кабельдері, оптикалық талшықтар мен керек-жарақтар:

1. Ұзындығы 500 м-ден астам және дайындаушының ерекшелігіне сәйкес бақылаулық тестте 2 x 10 9 N/m 2 және одан жоғары созылу кернеуіне төзетін оптикалық талшықтар;

Техникалық ескертпе:

Бақылау тесті - бұл диаметрі шамамен 150 мм жетекші біліктердің арасынан өту кезінде 0,5-тен 3 м-ге дейінгі ұзындықтағы талшыққа 2-ден 5 м/с-ге дейінгі жүріс жылдамдығында берілген кернеу түсіру болып табылатын дайындау сатыларында немесе дайындаудан кейінгі тексеру. Бұл ретте қоршаған ортаның температурасы 293 К (20 0 С) тең және салыстырмалы ылғалдылығы 40%-ке тең. Бақылау тестін жүргізу кезінде тиісті ұлттық стандарттар пайдаланылуы мүмкін.

2. Су астында пайдалану үшін әзірленген оптоталшықты кабельдер мен керек-жарақтар.

Ескертпе: 5A001.c.2 тармақ бойынша азаматтық пайдалануға арналған стандартты телекоммуникациялық кабельдер мен керек-жарақтар бақыланбайды.

1-арнайы ескертпе: Су астындағы құбырлық кабельдер мен олардың ажыратпаларына қатысты 8A002.a.3 тармақты қараңыз.

2-арнайы ескертпе: Оптоталшықты корпустық ажыратпалар мен қосылыстарға қатысты 8A002.c тармақты қараңыз.

d. "Бағытталу диаграммасы электронды басқарылатын фазаланған антенналық торкөз" мынадай сипаттамаларға ие:

1. 31,8 ГГц-ден жоғары, бірақ 57 ГГц-ден аспайтын жиіліктегі жұмыс үшін айқындалған, тиімді сәулелену қуаты (ТСҚ) кем дегенде +20 дБм (22,15 дБм тиімді изотропты сәулелендірілген қуат) (ТИСҚ);

2. 57 ГГц-ден жоғары, бірақ 66 ГГц-ден аспайтын жиіліктегі жұмыс үшін айқындалған, тиімді сәулелену қуаты (ТСҚ) +24 дБм кем емес (26,15 дБм ТИСҚ);

3. 66 ГГц-ден жоғары, бірақ 90 ГГц-ден аспайтын жиіліктегі жұмыс үшін айқындалған, кем дегенде +20 дБм (22,15 дБм ТИСҚ) тиімді сәулелену қуаты (ТСҚ);

4. 90 ГГц-ден жоғары жиілікте жұмыс үшін айқындалған;

Ескертпе: 5A001d тармақ бойынша СВЧ-диапазондағы қону жүйелерін жабатын, Халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының стандартын (ИКАО) қанағаттандыратын аппаратурасы бар қону жүйелеріне арналған "антенналы фазаланған торкөздер" бақыланбайды.

5A001 a. 1.	8517 8525 8527 8543
5A001 a. 2.	8517 8525 50 8525 60 8527 8543
5A001 a. 3.	8517 8525 8525 8527 8543
5A001 b. 1.	9014 80 000 0 9015 80 910 0
5A001 b. 2.	8525 8525
5A001 b. 3.	8525 8525
5A001 b. 4.	8525 8525
5A001 b. 5.	8527
5A001 b. 6.	8525 8525
5A001 c. 1.	8544 70 000 0 9001 10 900

5A001 c. 2.	8544 70 000 0 9001 10 900
5A001 d.	8529

5A101 "Реактивті снарядтар" үшін әзірленген немесе модификацияланған жерүсті жабдығын қоса алғанда, телеметриялық және телебақылау жабдығы".

Техникалық ескертпе:

5A101-тармақта "реактивтік снаряд" ұзақтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз әуе ұшу аппараттарын білдіреді.

Ескертпе: 5A101-тармақ бойынша мыналар бақылауға жатпайды:

a. басқарылатын ұшу аппараттары немесе спутниктерге арналған немесе модификацияланған жабдық;

b. жерде және теңізде қолдануға арналған немесе модификацияланған жерүсті жабдығы;

c. коммерциялық, азаматтық қолдану үшін әзірленген немесе ҒНЖЖ "қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған" жабдық (мысалы, деректердің толықтығы, ұшу қауіпсіздігі).

5A101 8525

8543 70 900 0

9030 40 000 0

5B1 Сынақ, бақылау және өндірістік жабдық

5B001 a. 5A001, 5B001, 5C001, 5D001 немесе 5E001 тармақтар бойынша бақыланатын жабдықтарды, материалдарды, функцияларды немесе қасиеттерді " әзірлеуге", "өндіруге" немесе "пайдалануға" арналған жабдық және арнайы әзірленген компоненттер немесе керек-жарақтар.

Ескертпе: 5B001.a. тармақ бойынша оптикалық талшықтарды тестілеуге арналған жабдық бақыланбайды.

b. Қабылдау-беру телекоммуникациялық аппаратурасының немесе коммутациялық жабдықтың кез келген мынадай түрлерін "әзірлеуге" арналған жабдық және арнайы әзірленген компоненттер немесе керек-жарақтар:

1. "Цифрлық деректерді берудің жиынтық жылдамдығы" 15 Гбит/с-ден асатын жұмысқа есептелген цифрлық техниканы пайдаланатын жабдық;

Техникалық ескертпе: Коммутациялық жабдық үшін "цифрлық деректерді берудің жиынтық жылдамдығы" порттың жоғары жылдамдығымен немесе деректерді беру желісімен есептеледі.

2. "Лазерді" пайдаланатын және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие жабдық :

a. Толқындардың жұмыс ұзындығы 1750 мм-нен астам;

b. "Оптикалық күшейтуді" жүзеге асыратын;

c. Когорентті оптикалық беру немесе когорентті оптикалық детектрлеу техникасын (сондай-ақ оптикалық гетеродин немесе гомодин техникасы ретінде де белгілі) пайдаланатын; немесе

d. Аналогты және өткізу белдеуінің ені 2,5 ГГц-ден астам техниканы пайдалану;

Ескертпе: 5D001.d.2.b тармақ бойынша коммерциялық теледидарлық жүйелерді " әзірлеу" үшін арнайы әзірленген "бағдарламалық қамтылым" бақыланбайды.

3. "Оптикалық коммутацияны" пайдаланатын жабдық;

4. 1024 деңгейінен жоғары квадратуралық амплитудалық модуляцияны (КАМ) пайдаланатын радиоаппаратура";

5. Келісілмеген режимде жүзеге асырылатын, "ортақ арна бойынша сигналды беруді " пайдаланатын аппаратура.

5C1 Материалдар

Жоқ

5D1 Бағдарламалық қамтамасыз ету

5D001 a. 5A001 немесе 5B001 тармақтар бойынша бақыланатын жабдықтарды, функцияларды немесе қасиеттерді "әзірлеу", "өндіру" немесе "пайдалану" үшін арнайы жасалған немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтылым".

b. 5A001 тармақ бойынша бақыланатын "технологияларды" қолдау үшін арнайы жасалған немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтылым".

c. Мына сияқты арнайы "бағдарламалық қамтылым":

1. 5A001 немесе 5B001 тармақтар бойынша бақыланатын аппаратуралардың сипаттамаларын, функцияларын немесе қасиеттерін қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтылым";

2. Пайдаланылмайды;

3. "Динамикалық адаптивті маршруттау" үшін арнайы әзірленген машина коды нысанындағы емес "бағдарламалық қамтылым".

d. Қабылдау-беру телекоммуникациялық аппаратурасының немесе коммутациялық жабдықтың мынадай түрлерінің кез келгенін "әзірлеу" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтылым":

1. "Цифрлық деректерді берудің жиынтық жылдамдығы" 15 Гбит/с-ден асатын жұмысқа есептелген цифрлық техниканы пайдаланатын жабдық;

Техникалық ескертпе:

Коммутациялық жабдық үшін "цифрлық деректерді берудің жиынтық жылдамдығы " порттың ең жоғары жылдамдығымен немесе деректер беру сызығымен өлшенеді.

2. "Лазерді" пайдаланатын және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие жабдық :

a. Толқындардың жұмыс ұзындығы 1750 нм-нан астам;

b. Аналогты және өткізу белдеуінің ені 2,5 ГГц-ден астам техниканы пайдалану;

Ескертпе: 5D001.d.2.b. тармақ бойынша коммерциялық теледидарлық жүйелерді " әзірлеу" үшін арнайы әзірленген "бағдарламалық қамтылым" бақыланбайды.

3. "Оптикалық коммутацияны" пайдаланатын жабдық;

4. 1024 деңгейден жоғары квадратуралық амплитудалық модуляцияны (КАМ) пайдаланатын радиоаппаратура.

5D101 5A101-тармақта көрсетілген жабдықты "қолдану" үшін арнайы әзірленген модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету.

5E1 Технологиялар

5E001 a. Жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес, 5A001, 5B001 немесе 5D001 тармақтар бойынша бақыланатын жабдықтарды, функцияларды, қасиеттерді немесе " бағдарламалық қамтылымды" "әзірлеуге", "өндіруге" немесе "пайдалануға" (орындалатын операциялар) арналған "технологиялар".

b. Мыналар сияқты "технологиялардың" арнайы түрлері:

1. Спутниктердің бортында пайдалану үшін арнайы әзірленген телекоммуникациялық жабдықты "әзірлеу" немесе "өндіру" үшін "қажетті" "технология ";

2. Сыртқы атмосфера арқылы немесе сұйықтықтың (судың) қабаты арқылы сигналды автоматты ұстау және қадағалау және байланысты қолдау қабілетімен " лазерлік" байланыстың әдістерін "әзірлеуге" немесе "пайдалануға" арналған " технология";

3. БС қабылдау мүмкіндіктері көпалаңды, көпарналы, көпрежимді, көп кодты алгоритмді немесе көп хаттамалық маршруттауды қамтамасыз ете алатын, " бағдарламалық қамтылымға" өзгерістер енгізу арқылы модификациялана алатын БС цифрлық ұялы радиожүйелерді "әзірлеуге" арналған "технология";

4. "Жиіліктерді секірмелі түрде қайта реттеу" әдістерін қоса алғанда, "спектрді кеңейту" әдісін пайдаланатын аппаратураны "әзірлеуге" арналған "технология".

c. Жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес, қабылдау-беру телекоммуникациялық аппаратурасының немесе коммутациялық жабдықтың, функциялардың немесе қасиеттердің мынадай түрлерінің кез келгенін "әзірлеуге" арналған "технология":

1. "Цифрлық деректерді берудің жиынтық жылдамдығы" 1,5 Гбит/с-ден асатын жұмысқа есептелген цифрлық әдістерді пайдаланатын жабдық;

Техникалық ескертпе:

Коммутациялық жабдық үшін "цифрлық деректерді берудің жиынтық жылдамдығы " порттың ең жоғары жылдамдығымен немесе деректерді беру сызығымен өлшенеді.

2. "Лазерді" пайдаланатын және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие жабдық :

a. Толқындарының жұмыс ұзындығы 1750 мм-нен астам;

b. Легирленген празеодимді фторидті талшықты күшейткіштерді пайдалана отырып "оптикалық күшейтуді" жүзеге асыру;

c. Когорентті оптикалық беру немесе когорентті оптикалық детекторлау техникасын (сондай-ақ оптикалық гетеродин немесе гомодин техникасы ретінде де белгілі) пайдалану;

d. Бір оптикалық ұяда 8 оптикалық тасымалдаушыдан жоғары толқынның ұзындығын мультиплекстік бөлу техникасын пайдалану; немесе

e. Аналогты және өткізу белдеуінің ені 2,5 ГГц-ден астам техниканы пайдалану;

Ескертпе: 5E001c.2.e. тармақ бойынша коммерциялық теледидарлық жүйелерді " әзірлеуге" немесе "жасауға" арналған "технология" бақыланбайды.

3. "Оптикалық коммутацияны" пайдаланатын жабдық;

4. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие радиоаппаратура:

a. Квадратуралық амплитудалық модуляциясы (КАМ) 1024 деңгейінен жоғары;

b. 31,8 ГГц-ден жоғары кіру немесе шығу сигналының жиілігінде жұмыс істейтін, немесе

Ескертпе: 5E001.c.4.b. тармақ бойынша Халықаралық телекоммуникация одағы радиокоммуникациялық қызмет саласы үшін бөлген, бірақ радио табу қызметіне арналмаған стандартты жиілік диапазонындағы жұмыс үшін арнайы жобаланған немесе модификацияланған аппаратураны "әзірлеу" немесе "өндіруге" арналған " технология" бақыланбайды.

5. Келісілмеген режимде жүзеге асырылатын "сигналды ортақ арна бойынша беруді " пайдаланатын аппаратура.

5E101 5A101-тармақта көрсетілген жабдықты "әзірлеу", "өндіру" немесе "қолдану" үшін жалпы техникалық ескертпелерге сәйкес "технологиялар".

2-Бөлім

"Ақпарат қорғау"

1-ескерту: "Ақпаратты қорғаудың" "жабдыққа", "бағдарламалық қамтамасыз етуге", арнайы қолданудың жүйелеріне, "электронды жинауларына", модулдерге, интегралдық схемаларға, компоненттерге немесе функцияларға қатысты бақылау мәртебесі олар басқа аппаратураның компоненттері немесе "электронды жинамалары" болған күннің өзінде 5-санаттың 2-бөлімі бойынша айқындалады.

2-ескерту: 5-санаттың 2-бөлімі бойынша пайдаланушының жеке өзі пайдалануы мақсатында әкелетін өнімдері бақыланбайды.

3-ескерту: Криптография бойынша ескерту.

5A002 және 5D002 тармақтар бойынша келесі сипаттамаларға ие тауарлар бақыланбайды:

a. Ашық бөлшек саудада шектеусіз сатылатын және мынадай жолмен сатып алынатын:

1. Тұрған жерінде сатып алу;

2. Почта арқылы тапсырыс беру;

3. Электрондық тапсырыс;

4. Телефон арқылы тапсырыс беру;

b. Криптографиялық қасиеттерін пайдаланушы оңай өзгерте алмайды;

c. Пайдаланушының беруші тарапынан одан әрі елеулі көмексіз орнату үшін жобаланған; және

d. Тауардың осы ескертудің a-дан бастап c-ға дейінгі тарауларына сәйкестігін растау үшін фирма-экспортер орналасқан мүше елдің құзыретті органының талап етуі бойынша қажет болғанда тауардың тәптіштемесіне қол жетімді болады және ұсынылa алады.

Техникалық ескерту: 5-санаттың 2-бөлімінде бит кілттің ұзындығына қосылмаған.

5A2 Жүйелер, жабдық және компоненттер

5A002 a. "Ақпаратты қорғау" үшін қолданылатын жүйелер,жабдық, арнайы қолданылатын "электронды жинамалар", модульдер немесе интегралды схемалар және осы үшін арнайы әзірленген басқа да компоненттер:

Арнайы ескертпе: Қабылдау аппаратурасы бар немесе дешифровканы пайдаланатын (GPS немесе ГЛОНАСС) кең ауқымды спутниктік жүйелерді бақылауға қатысты 7A005 -ті қараңыз.

1. Жеке басын немесе цифрлық қолын куәландырудан басқа, кез келген криптографиялық функцияларды орындайтын, цифрлық әдістерді қолданумен " криптографияларды" пайдалану үшін әзірленген немесе модификацияланған, мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие:

Техникалық ескертпе:

1. Жеке басты немесе цифрлық қолды куәландыру функциялары оларға байланысты кілттерді басқару функцияларын қамтиды;

2. Жеке басты куәландыру қол жеткізудің барлық аспектілерін қамтиды және файлдарды шифрлауды немесе рұқсат етілмеген қол жеткізуді болдырмау үшін парольдерді, дербес сәйкестендіру нөмірлерін (ДСН-кодтары) немесе осыған ұқсас деректерді қорғаумен тікелей байланыстылардан басқа мәтіндерді қамтымайды;

3. "Криптография" деректердің "белгіленген" компрессияларын немесе кодтауды қамтымайды:

Ескертпе: 5A002.a.1. тармақ цифрлық әдістердің көмегімен іске асырылған аналогты алгоритмдерді қолданумен, "криптографияларды" пайдалану үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған жабдықты қамтиды.

a. Ұзындығы 56 бит-тен астам кілтті пайдаланумен "симметриялық алгоритм", немесе

b. Алгоритмнің қауіпсіздігі мынадай белгілердің біреуіне негізделген " ассиметриялық алгоритм":

1. Бүтін сандарды факторлау 512 бит-тен жоғары (мысалы, RSA);

2. 512 бит-тен астам мөлшердегі түпкі өрістің мультипликативтік тобындағы дискретті логарифмдерді есептеу (мысалы, Z/pZ тобындағы Диффи-Неллман әдісі);

3. 5A002.a.1.b.2. тармақта көрсетілгеннен өзге 112 бит-тен жоғары топтағы дискретті логарифмдерді есептеу (мысалы, эллиптикалық қисықтағы Диффи-Неллман әдісі);

Ескертпе: 5A002 тармақ бойынша мынадай жабдық бақыланбайды:

a. "Қондырылған компьютері бар дербес карточкалар":

1. Криптографиялық мүмкіндіктері осы ескертпенің b немесе f тармақтарына сәйкес бақыланбайтын аппаратурада немесе жүйелерде ғана пайдаланылумен шектелген; немесе

2. Криптографиялық мүмкіндіктері пайдаланушы үшін қолжетімсіз, жалпы қолжетімді қолдануға арналған. Карточка арнайы әзірленген және қондырылған компьютерге енгізілген жеке деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.

Ескертпе: Егер "қондырылған процессоры бар дербес карточканың" көптеген функциялары болса, онда әрбір функцияның бақылау мәртебесі жеке-дара айқындалады:

b. Цифрлық шифрлаусыз және шифрлау бейне немесе аудиоарналардың төлем және басқару функцияларымен шектелген, шектеулі арналған радиохабар, ақылы теледидар немесе телехабардың қабылдау аппаратурасы;

c. Криптографиялық мүмкіндігі пайдаланушы үшін қолжетімсіз және мынадай функцияларды орындау үшін арнайы жобаланған және шектелген аппаратура:

1. Көшіруден қорғалған "бағдарламалық қамтылымды" пайдалану;

2. Мынадай тізбенің кез келгеніне қол жеткізу:

a. көшіруден қорғалған, тек оқуға ғана қолжетімді ақпарат тасығыш; немесе

b. тасығышта сақталатын ақпарат, тасығыш бірдей жинақтарында ашық сатылымға қойылған кезде қорғалған күйде болады (мысалы, зияткерлік меншік құқығын қорғауға байланысты);

3. Патенттермен қорғалған аудио/бейне деректерді бір мезгілде көшіру;

d. Банк операцияларын немесе "ақша транзакцияларын" орындау үшін арнайы әзірленген және шектелген криптографиялық жабдық;

Техникалық ескертпе:

5A002 тармақта. "ақша транзакциясы" d ескертпесі төлемдерді жинау мен реттеуді және кредиттік функцияларды қамтиды.

e. Азаматтық пайдалануға арналған (мысалы, ұялы радиобайланыстың коммерциялық азаматтық жүйелерінде пайдалану үшін), абоненттер үшін шифрлау функциясы жоқ портативті немесе ұтқыр радиотелефондар;

f. Абоненттер үшін шифрлау функциясы жоқ және дайындаушының ерекшелігіне сәйкес күшейтілмеген сымсыз байланыстың ең жоғары тиімді қашықтығы (яғни, алып

жүрмелі аппараттың үй телефонымен релесіз байланысы) 400 м.-ден кем сымсыз телефон аппаратурасы.

5A002 a. 1.	8471 8543
5A002 a. 2.	8471 8543
5A002 a.3	8471
5A002 a. 4.	8471 8543
5A002 a. 5.	8471 8543
5A002 a. 6.	8471 8543
5A002 a. 7.	8471
5A002 a. 8.	8471 8517 50 8543

5B2 Сынақ, бақылау және өндірістік жабдық

5B002 A Мыналар үшін арнайы әзірленген жабдық:

1. Өлшеулерге немесе сынақтарға арналған аппаратураны қоса алғанда 5A002, 5B002, 5D002 немесе 5E002 тармақтар бойынша бақыланатын аппараттуараларды немесе функцияларды "әзірлеу";

2. Өлшеулерге, сынақтарға, жөндеуге немесе өндіруге арналған аппаратураны қоса алғанда 5A002, 5B002, 5D002 немесе 5E002 тармақтар бойынша бақыланатын аппараттуараларды немесе функцияларды "өндіру";

f. 5A002 немесе 5D002 тармақ бойынша бақыланатын "ақпаратты қорғау" функцияларын бағалау және қолдау үшін арнайы әзірленген өлшеу аппаратурасы.

5B002 a. 8543 89 950 0

5B002 b. 8543 89 950 0

5C2 Материалдар

Жоқ.

5D2 Бағдарламалық қамтамасыз ету

5D002 a. 5A002, 5B002 немесе 5D002 тармақтар бойынша бақыланатын " бағдарламалық қамтамасыз етуді" әзірлеу", "өндіру" немесе "пайдалану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету";

b. 5T002 тармақ бойынша бақыланатын "технологияларды" қолдауға арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету;

c. Мына секілді арнайы "бағдарламалық қамтамасыз ету":

1. 5A002 немесе 5B002 тармақтар бойынша аппаратураның функциясын моделдейтін немесе қайта жаңғыртатын сипаттамаларға ие "бағдарламалық қамтамасыз ету";

5D002.c.1. тармақ бойынша бақыланатын "бағдарламалық қамтамасыз етуді" сертификаттау үшін қажетті "бағдарламалық қамтамасыз ету"

Ескерту: 5D002 тармақ бойынша:

a. 5A002 тармаққа Ескертуге сәйкес бақылауға жатпайтын аппаратурада "пайдалану " үшін қажетті "бағдарламалық қамтамасыз ету";

b. 5A002 тармаққа Ескертуге сәйкес бақылауға жатпайтын аппаратураның кез келген функциясын іске асыратын "бағдарламалық қамтамасыз ету";

5D002

5E2 Технологиялар

5E002 Жалпы технологиялардың ескертуіне сәйкес, 5A002, 5B002 немесе 5D002 тармақтар бойынша жабдықты ие "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеуге", " өндіруге" немесе "пайдалануға" арналған "технологиялар".

5D002

5E002

6-Санат

Бергіштер және лазерлер

6A Жүйелер, жабдық және компоненттер

6A001 Акустика:

a. Мыналар секілді теңіз акустикалық жүйелері, олар үшін арнайы әзірленген жабдық және компоненттер, олар мына:

1. Мыналар секілді белсенді (беретін және қабылдайтын-беретін) жүйелер, жабдық және олар үшін арнайы әзірленген компоненттер:

Ескерту: 6A001.a.1 тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

a. +/-20 0-тен жоғары сәулені сканирлеу функциясына ие емес және суға түсірілген немесе тұңғиыққа тереңдетілген объектілерге немесе балық үйірлеріне дейінгі қашықтықтағы су тереңдігін өлшеу үшін шектеулі қолданылатын вертикалды іс-әрекет тереңдігінің гидролокаторлары;

b. Мыналар секілді акустикалық бүйірлер:

1. Авариялық акустикалық бүйлер;

2. Ультрадыбыстық импульстерді су астына түсіру немесе қайтару үшін арнайы әзірленген сәулелендіргіштер.

a. Теңіз түбін картографиялауға арналған, барлық келесі сипаттамаларға ие кең шолмалы батиметрикалық суретке түсіру жүйелері:

1. Вертикалдан 20 о -тан астам ауытқу бұрышында өлшеу жүргізуге арналғандар;

2. Судың бетінен алғанда 6000 м-ден астам тереңдікті өлшеуге арналғандар; және

3. Келесі сипаттамалардың кез келгенін қамтамасыз етуге арналғандар:

a. Кез келгені 1,9 о С-ге жеткен бірнеше сәулені біріктіру; немесе

b. Судың тереңдігін белдеу шектеріндегі жекелеген өлшеулердің орташа есебі жолымен алынған, 0,3%-тен жақсы өлшеу дәлдігін қамтамасыз ету;

b. Мынадай сипаттамаларға ие орналасқан жерін табу жүйелері:

1. Беру жиілігі 10 кГц төмен;

2. 10 кГц-ден бастап 24 кГц-ті қоса алғандағы диапазондағы жұмыс жиілігі бар жабдық үшін дыбыстық қысым деңгейі 224 дБ (1 м-ге 1 мкПа);

3. 24 кГц мен 30 кГц аралығындағы диапазондағы жұмыс жиілігі бар жабдық үшін дыбыстық қысым деңгейі 235 дБ (1 м-ге 1 мкПа);

4. Кез келген білік бойынша сәуле қалыптастыру 1 о С-қа жеткен және жұмыс жиілігі 100 кГц-тен төмен;

5. 5120 м астам нысаналарды шешу қашықтығында жұмыс істеу мүмкіндігі; немесе

6. 1000 м астам тереңдікте қалыпты жұмыс істеуге арналғандар және кез келген мынадай сипаттамаларға ие түрлендіргіштері бар:

a. Қысыммен динамикалық қайта құрылатындар; немесе

b. Цирконаттың қорғасын титанатынан дайындалатындарға қарағанда басқа түрлендіруші элементтері барлар;

c. Түрлендіргіштерді қамтитын, пьезоэлектрлік, магнитті-стрикциондық, электр-стрикциондық, электр-динамикалық немесе гидравликалық элементтерді біріктіретін, жеке немесе белгілі бір комбинацияда жұмыс істейтін, келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие акустикалық прожекторлар:

1-ескерту: Басқа жабдық үшін арнайы әзірленген түрлендіргіштерді қамтитын акустикалық прожекторлардың бақылаулық мәртебесі осы басқа жабдықтың бақылаулық мәртебесімен айқындалады.

2-ескерту: 6001A.1 тармақ бойынша Тек вертикалды зондтауды жүзеге асыратын электронды көздер механикалық (мысалы, пневматикалық мылтықтар немесе бу-соққылық мылтықтар) немесе химиялық (мысалы, жарғыш) көздер.

1. 10 кГц-тен төмен жиіліктерде жұмыс істейтін аспаптар үшін 0,01 мВт/шаршы мм/Гц-тен асатын акустикалық қуатта қас қағымдық сәулеленетін тығыздық;

2. 10 кГц-тен төмен жиіліктерде жұмыс істейтін аспаптар үшін 0,01 мВт/шаршы мм/Гц-тен асатын акустикалық қуатта үздіксіз сәулеленетін тығыздық;

Техникалық ескерту:

"Акустикалық қуаттың тығыздығы" шығу акустикалық қуатын сәулеленетін үстіңгі бет пен жұмыс жиілігі алаңының қосындысына бөлудің нәтижесінде алынады.

3. 22 дБ-дан астам бүйірлік жапырақшаларды басып тастау;

d. 1000 метрден астам дистанцияда орналасуы 10 метрден кем дәлдікпен өлшеу кезіндегі орташа шаршылық ауытқуы - ОША) су үстіндегі және су астындағы аппараттардың күйін айқындауға арналған, мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие акустикалық жүйелер, жабдық пен олар үшін арнайы әзірленген компоненттер:

Ескерту: 6A001.A.1.a тармақ мыналарды қамтиды:

a. Екі немесе одан көп буйдың арасындағы когорентті "сигналдардың өңделуін" пайдаланатын жабдық және су үстіндегі кемелер мен су астындағы аппараттардың гидрофондық құрылғысы;

b. Орналасқан жерін анықтау үшін дыбыстық таралуының ақаулығын автотүзетуге ие жабдық.

2. Мыналар секілді пассивті (белсенді аппаратурамен байланысқа қарамастан штаттық режимде қабылдайтындар) жабдық және арнайы әзірленген компоненттер:

a. Келесі сипаттамалардың кез келгені бар гидрофондар (түрлендіргіштер):

Ескерту: Басқа жабдық үшін арнайы әзірленген гидрофондардың бақылау мәртебесі осы жабдықтың бақылау мәртебесімен айқындалады.

1. Диаметрі немесе ұзындығы 20 мм-ден кем және элементтердің арасындағы қашықтығы 20 мм-ден аз үздіксіз жұмыс істейтін икемді бергіштер қосқыштары немесе дискретті әрекет ететін бергіштер жинамалары;

2. Кез келген келесі сезімтал элементтерге ие:

a. Талшықты-оптикалық; немесе

b. Керамикалық материалдардан жасалған икемді пьезоэлектрлік;

3. Жеделдетуді өтеусіз кез келген тереңдікке арналған 180 дБ-ден жақсы гидрофондық сезімталдығы барлар;

4. 35 м-ден аспайтын тереңдіктегі іске арналған, жеделдетуді өтеумен 186 дБ-ден жақсы гидрофонды сезімталдықтағы; немесе

5. 1000 м астам тереңдіктегі жұмыс үшін әзірленгендер;

Техникалық ескерту :

"Гидрофондық сезімталдық" гидрофонды бергіш күшейткішсіз 1 мкПа орташа квадраттық қысымдағы тегіс толқынның акустикалық өрісіне орналастырылған кездегі орташа шаршылық шығу кернеуінің 1В тірек кернеуіне (ОША) қатынасының жиырма еселенген ондық логарифмі ретінде айқындалады. Мысалы, 180 дБ сезімталдықтағы гидрофон шығуында тек 10 -9 В ғана берсе, 160 дБ (мкПп-ға тірек кернеуі 1В) гидрофон мұндай өрісте 10 -8 В шығу кернеуін береді. Осылайша, 160 дБ 180 дБ-ге қарағанда жақсырақ.

b. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие тіркемелетін акустикалық гидрофондық торлар:

1. 12,5 м және одан кем қадаммен орналасқан немесе 12,5 мден кем немесе модификациялануға қабілетті гидрофондық топтарды орналастыру үшін " модификациялануға қабілетті" гидрофондық топтар;

2. 35 м-ден астам тереңдіктегі жұмыс үшін әзірленген немесе "модификациялануға қабілетті" гидрофондық топтар;

Техникалық ескерту :

6A0001a.2.b.2 тармақшада көрсетілген "модификацияға қабілеттілік" гидрофондық топтардың орналасқан жерін немесе жұмыс тереңдіктерінің шектерін өзгертуге

арналған орамалардың немесе ішкі қосылыстардың болу мүмкіндігін білдіреді. Мұндай мүмкіндіктер ораманың жұмыс жіптері санының 10%-тен астам қосалқы жіптерінің, гидрофондық топтың конфигурациясын реттейтін блоктардың немесе біреуден астам гидрофондық топтарды реттеу мен бақылауды қамтамасыз ететін бату тереңдігін шектеу құрылғыларының болуын болып табылады.

3. 6A001A2d тармақ бойынша бақыланатын, басқарылатын бергіштері барлар;

4. Торлардың ұзына бойы бекітілген қосқышты кабелдері барлар;

5. Диаметрі 40 мм кем жиналған торлары барлар;

6. 35 м астам тереңдіктегі жұмыс үшін әзірленген немесе 35 м асатын тереңдікте жұмыс істеуге арналған реттелетін не ауысымды тереңдікті сезімтал құрылғысы барлар ; немесе

7. 6A001 a.2.a тармақта көрсетілген гидрофондардың сипаттамалары;

c. Тіркеуге алынатын акустикалық гидрофондық торларда қолдануға арнайы әзірленген, спектралдық талдауды, цифрлық сүзгіден өткізуді және Фурье тез түрлендіргішін немесе басқа да түрлендіргіштерді немесе процестерді пайдалана отырып сәулені қалыптастыруды қоса алғанда, пайдаланушының бағдарламаланушылығына, уақыттық немесе жиілік саласында өңдеуге және корреляцияға ие деректерді өңдеу аппаратурасы;

d. Мынадай барлық сипаттарға ие басқарылатын бергіштер:

1. Дәлдігі -/+ 0,5-ден жақсы; және

2. 35 м асатын тереңдікте жұмыс істейтін не 35 м асатын тереңдікте жұмыс істеуге арналған реттелетін немесе ауысымды тереңдікті сезімтал құрылғысы бар;

e. Мынадай құрайтындардың кез келгеніне ие су түбілік немесе суға батырылған кабелдік жүйелер:

1. 6A001.a.2.a. тармақта көрсетілген біріктіруші гидрофондар; немесе

2. Гидрофондық топтар мультиплектілік сигналды модулдерін біріктіретін, келесі сипаттамалардың бәріне ие;

a. 35 м-ден асатын тереңдікте жұмыс істеу үшін әзірленген не 35 м-ден асатын тереңдікте жұмыс істеуге арналған реттелетін немесе ауысымды тереңдікті сезімтал құрылғысы бар; немесе

b. Тіркеуге алынатын акустикалық гидрофондық торлар модулдерімен жұмыс режимінде ауыстыруға жол берілетін;

f. Түбілік немесе суға батырылған кабелдік жүйелер үшін арнайы әзірленген, спектралдық талдауды, цифрлық сүзгіден өткізуді және Фурье тез түрлендіргішін немесе басқа да түрлендіргіштерді немесе процестерді пайдалана отырып, сәулені қалыптастыруды қоса алғанда, "пайдаланушының бағдарламалауына", уақыттық немесе жиілік саласында өңдеуге және корреляцияға ие деректерді өңдеу аппаратурасы ;

b. Аппаратураны алып жүруші жылдамдығының теңіз түбіне қатысты көлденең құрауышын корреляциялық өлшеу үшін алып жүруші мен теңіз түбінің 500 м астам арақашықтығындағы лагтардағы аппаратура.

6A001 a. 1. a. 9015 80 910 0
6A001 a. 1. b. 9014 80 000 0;
9015 80 910 0
6A001 a. 1. c. 9014 80 000 0;
9015 80 910 0
6A001 a. 1. d. 9014 80 000 0
9015 80 110 0
6A001 a. 2. a. 1. 9014 80 000 0
9015 80 110 0
9015 80 930 0
6A001 a. 2. a. 2. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
6A001 a. 2. a. 3. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
6A001 a. 2. a. 4. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
6A001 a. 2. a. 5. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
6A001 a. 2. b. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
9015 80 990 0
6A001 a. 2. c. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
9015 80 990 0
6A001 a. 2. d. 9014 80 000 0
9014 90 900 0
9015 80 110 0
9015 80 930 0
6A001 a. 2. e. 8907 90 000 0
9014 80 000 0
9014 90 000 0
9015 80 930 0
9015 80 990 0
6A001 a. 2. f. 8907 90 000 0
9014 80 000 0
9014 90 000 0

9015 80 930 0
9015 80 990 0
6A001 b. 9014 80 000 0
9015 80 930 0
9015 80 990 0

6A002 Оптикалық бергіштер

Ерекше ескерту: сондай-ақ 6A102-ні қараңыз:

a. Мыналар секілді оптикалық детекторлар:

Ескерту: 6A002 тармақ бойынша германийлі немесе кремнийлі фотоқұрылғылар бақыланбайды.

1. "Ғарышта қолдану үшін жарамды", мыналар секілді қатты денелі детекторлар:

a. Барлық келесі сипаттамаларға ие, "ғарышта қолдану үшін жарамды" қатты денелі детекторлар:

1. Толқындардың 10 нм-нен 300 нм-ге дейінгі ұзындық диапазонындағы барынша сезімталдығы; және

2. Толқындардың 400 нм-нен астам ұзындығындағы сезімталдық барынша жоғары сезімталдыққа қатысты 0,1%-тен кем;

b. Барлық келесі сипаттарға ие, "ғарышта қолдану үшін жарамды" қатты денелі детекторлар:

1. Толқындардың 900 нм-нен 1200 нм-ге дейінгі диапазонындағы ең жоғары сезімталдық; және

2. Жаңғырықтың "тұрақты уақыты" 95 нс немесе одан кем;

c. "Ғарышта қолдану үшін жарамды", толқындардың 1200 нм-нен 30000 нм-ге дейінгі ұзындық диапазонында ең жоғары сезімталдыққа ие қатты денелі детекторлар:

2. Бейне жарықтығының күшейткіштері (жарықтың электронды-оптикалық күшейіткіштері) және олар үшін арнайы әзірленген мыналар секілді компоненттер;

a. Барлық төменде санамаланғандар бар бейне жарықтығының күшейткіштері (жарықтың электронды-оптикалық күшейткіштері):

1. Толқындардың 400 нм-нен 1050 нм-ге дейінгі ұзындығының диапазонындағы ең барынша сезімталдығы;

2. 15 мкм немесе одан кем тесіктер қадамымен (орталықтардың арасындағы қашықтықпен) бейнені электрондық күшейтуге арналған микроканалды анод; және

3. Мына секілді фотокатодтар:

a. S-20, S-25 фотокатодтар немесе 240 мк А/лм-нан астам жарық сезімталдығымен көп саңылаулы фотокатодтар;

b. GaAs немесе GaLnAs-тағы фотокатодтар; немесе

c. III-V топтарының қосылыстарына арналған басқа да жартылай өткізгіш фотокатодтар;

Ескерту: 6A002.a.2.a.3.c. тармақтар бойынша 10 мА/Вм немесе одан кем ең жоғары сәулелену сезімталдығымен жартылай өткізгіштерге арналған фотокатодтар бақыланбайды.

a. Мыналар секілді арнайы әзірленген компоненттер:

1. 12 мкм немесе одан кем тесіктер қадамымен (орталықтардың арасындағы қашықтық) микроарналы платалар;

2. GaAs немесе GaLnAs-тағы фотокатодтар;

3. III-V топтарының қосылыстарына арналған басқа да жартылай өткізгіш фотокатодтар;

Ескерту: 6A002.a.2.b.3.c. тармақтар бойынша 10 мА/Вм немесе одан кем ең жоғары сәулелену сезімталдығымен жартылай өткізгіштерге арналған фотокатодтар бақыланбайды.

3. Мыналар секілді, "ғарышта қолдану үшін жарамсыз" "фокалды тегістік торлары":

Техникалық ескерту :

1. Сызықтық немесе екі өлшемдік көп элементті детекторлық торлар "фокалды тегістік торларға" жатады.

2. 6A002.a.3. тармағы "қиылысты сканирлік бағытты" сызықтық көп элементті детекторлық торға параллель ось ретінде, ал "сканирлеу бағытын" сызықтық көп элементті детекторлық торға қатысты перпендикуляр ось ретінде айқындайды.

1-ескерту: 6A002.a.3. тармақ фотоөткізгіш және фотогальваникалық торларды қамтиды.

2-ескерту: 6A002.a.3. тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

a. фокалды тегістіктің кремнийлі торлары;

b. Қорғасын сульфиді немесе қорғасын селениді негізіндегі көп элементті (16 элементтен көп емес) герметизацияланған фотоөткізгіш элементтер;

c. Келесі материалдардың кез келгені негізіндегі пироэлектрлік детекторлар:

1. Триглицинсульфит және оның туындылары;

2. Қорғасын-ланцан-цирконийдің титанаты және оның туындылары;

3. Литийдің танталаты;

4. Поливинилиденфторид және оның туындылары; немесе

5. Барий-стронцийдің ниобаты және оның туындылары;

a. Барлық келесі сипаттамаларға ие, "ғарышта қолдануға жарамсыз" "фокалды тегістіктің торлары":

1. Толқындардың 900 нм-нен 1050 нм-ға дейінгі ұзындықтарының диапазонындағы ең жоғары сезімталдықтағы жекелеген элементтер;

2. Тұрақты уақыт жаңғырығы 0,5 нс-тен кем;

b. Барлық мынадай сипаттамаларға ие, "ғарышта қолдануға жарамсыз" "фокалды тегістіктің торлары":

1. Толқындардың 1050 нм-нен 1200 нм-ға дейінгі ұзындықтарының диапазонындағы ең жоғары сезімталдықтағы жекелеген элементтер;

2. Тұрақты уақыт жаңғырығы 95 нс немесе одан кем;

c. Толқындардың 1200 нм-нен 30000 нм-ге дейінгі ұзындықтары диапазонындағы ең жоғары сезімталдықтағы жекелеген элементтерге ие, "ғарышта қолдануға жарамсыз" " фокалды жазықтықтың сызықтық емес (2 өлшемді) торлары".

d. Келесі сипаттамаларға ие, "ғарышта қолдануға жарамсыз" "фокалды жазықтықтың сызықтық емес (1 өлшемді) торлары".

1. Толқындардың 1200 нм-нен 30000 нм-ге дейінгі және одан жоғары ұзындықтары диапазонындағы ең жоғары сезімталдықтағы жекелеген элементтерге, және

2. Сондай-ақ:

a. Детекторлық элементті жаймалау мөлшерінің детекторлық элемент жаймасының қиылысы мөлшері бағытындағы қатысы - 3,8-ден кем емес; және

b. Элементтегі сигналдарды өңдеу (SPRITE);

e. Толқындардың 2500 нм-нен 30000 нм-ге дейінгі және одан жоғары ұзындықтары диапазонындағы ең жоғары сезімталдықтағы жекелеген элементтерге ие, "ғарышта қолдануға жарамсыз" "фокалды жазықтықтың сызықтық (1 өлшемді) торлары".

b. Дистанциялық зондтау кезінде қолдануға арналған және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие "бейненің жалғыз спектралдық бергіштері" және "бейненің көп спектралды бергіштері":

1. Шолудың қас қағым сәттік өрісі (ШҚС) 200 мкрд (микрорадиан) кем; немесе

2. Толқындардың 400 нм-нен 30000 нм-ге дейінгі ұзындықтары диапазонындағы жұмысқа арналған және келесі сипаттамалардың бәріне ие:

a. Бейненің шығу деректерін цифрлық форматта қамтамасыз ететіндер; және

b. Сондай-ақ:

1. "Ғарышта қолдануға жарамды болып табылатындар" немесе

2. 2,5 мкрд (микрорадиан) кем ШҚС-қа ие кремнийлі емес детекторларды пайдалану кезінде ұшу аппараттарының бортындағы жұмыс үшін әзірленген.

c. Көрінетін немесе ИК диапазондарында жұмыс істейтін және келесі құраушылардың кез келгені бар тікелей байқау жабдығы:

1. 6A002.a.2.a. тармақта көрсетілген сипаттамаларға ие электронды-оптикалық түрлендіргіштер; немесе

2. 6A002.a.3. тармақта көрсетілген сипаттамаларға ие "фокалды тегістік торлары".

Техникалық ескерту:

"Тікелей байқау", байқаушы адамға бейнені теледидарлық дисплей үшін электронды сигналға түрлендірусіз көріністі бейнені ұсынатын және бейнені фотографиялық, сондай-ақ электрондық немесе басқа тәсілмен тіркеп немесе сақтай алмайтын көрінімдік немесе ИК диапазондарында жұмыс істейтін бейнені алуға арналған жабдыққа жатады.

Ескерту: 6A002.C тармақ бойынша GaAS немесе GainAs ерекшелігі бар материалдарда фотокатодтары бар мынадай жабдық бақыланбайды:

a. Өндірістік немесе азаматтық сигналдық құрылғылар, көліктің қозғалысын немесе өндірістік қозғалысты басқару жүйелері не есеп жүйелері;

b. Медициналық жабдық;

c. Материалдың қасиетін инспекциялау, сорттау немесе талдау үшін пайдаланылатын технологиялық жабдық;

d. Өндірістік пештер үшін өрт сигнализаторлары;

e. Лабораториялық талдау үшін арнайы әзірленген жабдық.

d. Оптикалық бергіштер үшін қамтамасыз етудің арнайы компоненттері, мыналар секілді:

1. "Ғарышта қолдануға жарамды" криосалқындатқыштар;

2. Мыналар секілді 218 К (-55 о С)-тен төмен көздің салқындату температурасымен "ғарышта қолдануға жарамды" криосалқындатқыштар;

a. жұмыс істемей қалуға арналған істердің орташа уақытын немесе 2500 с астам жұмыс істемей қалуларының арасындағы істердің орташа уақытын айқындайтын тұйық цикл;

b. 8 мм-нен кем арнаның сыртқы диаметрімен Джоул-Томсон өзін-өзі реттейтін шағын салқындатқыштары;

3. Акустикалық, термикалық, инерциалды-электромагнитті-сезімтал немесе ядролық сәулеленуге сезімтал болуы үшін бүркеудің көмегімен арнайы композициялық немесе құрылымдық әзірленген не модификацияланған оптикалық сезімтал талшықтар.

e. Торға 2048-ден астам элементке және толқындардың 300 нм-нен 900 нм-ге дейінгі ұзындықтарының диапазонында ең жоғары сезімталдыққа ие "ғарышта қолдануға жарамды" "фокалды тегістік торлары".

6A002 a. 1. a. 8541 40 900 0

6A002 a. 1. b. 8541 40 900 0

6A002 a. 1. c. 8541 40 900 0

6A002 a. 2. a. 8514 40 000 0

9013 80 900 0

8540 20 800 0

6A002 a. 2. b. 1. 8541 40 900 0

6A002 a. 2. b. 2 8541 40 900 0

6A002 a. 2. b. 3 8541 40 900 0

6A002 a. 3. a. 8541 40 900 0

6A002 a. 3. b. 8541 40 900 0

6A002 a. 3. c. 8541 40 900 0

6A002 a. 3. d. 8541 40 900 0

6A002 a. 3. e. 8541 40 900 0

6A002 b. 8540 89 000 0
6A002 c. 1. 8540 20 800 0
8540 99 000 0
9005
6A002 c. 2. 8540 99 000 0
9005
6A002 d. 1 9013 80 900 0
9013 90 900 0
8418 69 000 9
6A002 d. 2 9013 80 900 0
9013 90 900 0
8418 69 000 9
6A002 d. 3. 9001 90 000 0
9001 10 900
6A002 e. 9013 80 900 0

6A003 Камералар

Ерекше ескерту: сондай-ақ 6A203-ті қараңыз

Ерекше ескерту: су астында пайдалану үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған камераларға қатысты 8A002.e. және 8A002.e. тармақтарды қараңыз
.

a. Мыналар секілді тіркеу кинотүсіру аппараттары және оларға арнайы әзірленген компоненттер, мыналар секілді:

Ескерту: 6A003.a.3. және 6A005.a.5. тармақтарында сипатталған, модульді құрылымды тіркеу кинотүсіру аппараттарының өлшемдері камераны өндірушінің ерекшеліктеріне сәйкес қол жетімді "қосу бағдарламалары" пайдалана отырып, олардың ең жоғары көрсеткішімен бағалануы тиіс.

1. 8-ден 16 мм-ге дейінгі таспаның кез келген форматын пайдаланатын, таспа жазудың бүкіл кезеңі бойы алға қозғалатын және секундына 13150 кадрдан астам жылдамдықпен жазуға қабілетті жоғары жылдамдықта жазатын кинокамералар;

Ескерту: 6A003.a.1 тармақ бойынша әдеттегі азаматтық мақсаттарға арналған жазатын кинокамералар бақыланбайды.

2. Таспа жылжымайтын және 35 мм таспаны кадрлаудың толық биіктігі үшін немесе кадрлардың аз биіктігі үшін жоғары жылдамдығынан астамға барабар немесе кадрлардың үлкен биіктігі үшін аз жылдамдыққа барабар кезінде секундына 1000000 кадрдан астам жылдамдықпен жазуға қабілетті механикалық жоғары жылдамдықтағы камералар;

3. 10 мм/мкс-ден астам жылдамдыққа механикалық немесе электрондық фотохронографтар;

4. 1000000 кадр/с астам жылдамдыққа ие кадрлық синхронизациялайтын электрондық беруші камералар;

5. Келесі барлық сипаттамаларға ие электронды бейне беруші камералар:

a. Электронды тиектің жылдамдығы (стробирлеу қабілетті) толық кадр үшін 1 мкс-тен кем; және

b. Секундына 125-тен астам толық кадрлы кадрлау жылдамдығын қамтамасыз ететін есептеу уақыты.

6. Келесі сипаттамалардың бәріне ие, қосымша бағдарламалық модульдер:

a. Модульдік құрылымы бар, 6A003.a. тармағымен бақыланатын, тіркеу кинотүсіру аппараттары үшін арнайы әзірленген; және

b. Мұндай камераларға өндірушінің ерекшеліктеріне сәйкес 6A003.a.3., 6A003.a.4. және 6A005.a.5. тармақтарымен бақыланатын сипаттамаларға қойылатын талаптарды қанағаттандыру мүмкіндігін береді.

b. Мыналар секілді бейнекамералар:

Ескерту: 6A003.b. тармақ бойынша теледидарлық хабар тарату үшін арнайы әзірленген теледидарлық немесе бейнекамералар бақыланбайды.

1. Қатты денелі бергіштерді қамтитын, толқындар диапазонында ең жоғары сезімталдығы 10 нм-нан жоғары, бірақ 30000 нм-нан аспайтын және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие бейнекамералар:

a. Мыналар секілді:

1. Монохромды (қара-ақ) камералар үшін қатты денелі торға 4 x 10 6 -нан астам " белсенді пикселдер";

2. Үш қатты денелі торды қамтитын түрлі-түсті камералар үшін қатты денелі торға 4 x 10 6 -нан астам "белсенді пикселдер";

3. Бір қатты денелі тордың негізінде түрлі-түсті камералар үшін 12 x 10 6 -нан астам "белсенді пикселдер";

b. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. 6A004.a. тармағы бақылайтын оптикалық айналар;

2. 6A004.d. тармағы бақылайтын басқарудың оптикалық айналары;

3. Камера алатын бақылау мәліметтеріне қолданулар қосу мүмкіндігі.

Техникалық ескерту:

1. Аталған ескертулерде цифрлық бейнекамералар қозғалыстағы бейнелерді көрсету үшін пайдаланылатын "бейненің белсенді элементтерінің" ең жоғары санымен (пискалдармен) бағаланады.

2. Аталған тармақта камера бақылауынан алынған мәліметтер камераның шолу сызығының жерге қатысты орналасуын айқындау үшін қажет ақпаратты білдіреді, олар мыналардан тұрады: 1) жердің магниттік жүйесі бағытына қатысты, және 2) камераның шолу сызығы мен жер көкжиегі арасындағы тік бұрыш.

3. Барлық келесі сипаттамаларға ие, сканирлейтін камералардың негізіндегі сканирлейтін камералар немесе жүйелер:

a. Толқындар диапазонында ең жоғары сезімталдық 10 нм-нан астам, бірақ 30000 нм-нан аспайтын;

b. Торға 8192 элементтен астам мөлшердегі сызықтық детекторлық торлар; және

c. Бір бағыттағы механикалық сканирлеу;

4. Электронды-оптикалық түрлендіргіштері бар, 6A002.a.2.a. тармақта көрсетілген сипаттамаларға ие бейнелерді қалыптастыру камералары;

5. "фокалды тегістік торларымен" жарақталған, 6A002.a.3. тармақта көрсетілген сипаттамаларға ие бейнелерді қалыптастыру камералары.

Ескерту: 6A003.b.4. тармақ бойынша сызықтық "фокалды тегістік торларымен" жарақталған, 12 немесе одан аз элементке ие, уақытша кідіртілген және кіріктірілген элементтерді пайдаланбайтын және келесі қолданулардың қандай да болмасын бірі үшін әзірленген бейне қалыптастыру камералары бақыланбайды:

a. Сигнализацияның өнеркәсіптік немесе азаматтық жүйелері, көше немесе өнеркәсіптік қозғалысын бақылау немесе есепке алу жүйелері;

b. құрылыстарда, жабдықтарда немесе өнеркәсіп процестерінде жылу ағындарын бақылауға және көрсетуге арналған өнеркәсіптік жабдық.

c. Материалдардың қасиетін бақылауға, жіктеуге немесе талдауға арналған өнеркәсіптік жабдық;

d . Лабораториялық пайдалану үшін арнайы әзірленген жабдық; немесе

e. Медициналық жабдық.

6A003 a. 1. 9007 11 000 0

9007 19 000 0

6A003 a. 2. 9007 19 000 0

6A003 a. 3. 9007 19 000 0

6A003 a. 4 9007 19 000 0

6A003 a. 5. 9007 19 000 0

6A003 a. 6. 9007 19 000 0

9007 91 000 0

6A003 b. 1. 8525 80

8521 90 000 9

6A003 b. 2. 8525 80

8521 90 000 9

6A003 b. 3. 8525 80

8521 90 000 9

6A003 b. 4. 8525 80

8521 90 000 9

6A004 Оптика

a. Мыналар секілді оптикалық айналар (рефлекторлар):

1. 100 Гц-дан астам жылдамдық кезінде айнаның үстіңгі бет бөліктерінің қалпын қайта реттеуді серпінді түрде жүзеге асыруға қабілетті, тұтастай немесе көп элементті үстіңгі беті бар "деформациялайтын айналар" және олар үшін арнайы әзірленген компоненттер;

2. Орташа "баламдық тығыздығы" 30 кг/шаршы м-ден кем және жалпы массасы 10 кг-ден астам жеңіл тұтастай құйылған айналар;

3. Орташа "баламдық тығыздығы" 30 кг/шаршы м-ден кем және жалпы массасы 2 кг-ден астам, жеңіл "композициялық" немесе көбік тәрізді материалдардан жасалған айналар;

4. Негізгі білігінің диаметрі немесе ұзындығы 100 мм-нен астам, толқын ұзындығының тегістігі 1/2 немесе одан жақсы (толқынның ұзындығы 633 нм-ге тең) және басқару белдеуінің ені 100 Гц-ден астам сәулені басқаруға арналған айналар.

b. Өткізу спектрі 3000 нм-нен 25000 нм-ге дейін, мырыштың селенидінен (ZnSe) немесе мырыштың сульфидінен (ZnS) дайындалған, мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие оптикалық компоненттер:

1. Көлемі 100 текше см-ден астам; немесе

2. Негізгі білігінің диаметрі немесе ұзындығы 80 мм-нен астам және қалыңдығы (тереңдігі) 20 мм-нен астам.

c. Мыналар секілді "ғарышта қолдануға жарамды" оптикалық жүйелерге арналған компоненттер:

1. Дәл осы апертурадағы және қалыңдықтағы қатты денелі пластиндермен салыстырғанда 20% кем "баламды тығыздықтағы" жеңілдетілген үлгідегі оптикалық элементтер;

2. Төсемдер, жоғарғы беті қапталған төсемдер (бір қабатты немесе көп қабатты, металл немесе диэлектрлі, өткізетін, жартылай өткізетін немесе оқшаулайтын) немесе қорғаныш таспалары бар төсемдер;

3. Диаметрінде бір оптикалық метрге тең немесе одан астам қабылдау апертурасымен ғарышта оптикалық жүйеге жинауға арналған айналардың сегменттері немесе түйіндері;

4. "Композициялық" материалдардан дайындалған, координаттардың кез келген бағытында 5 x 10 -6 тең немесе одан кем сызықтық термикалық кеңею коэффициенті бар;

d. Мына секілді оптикалық бақылау жабдығы:

1. "Ғарышта қолдануға жарамды" оптикалық компоненттердің үстіңгі бетінің бейінін қолдау немесе бағдарлау үшін әдейі арналған, 6A004.c.1 немесе 6A004 c.3 тармақтары бойынша бақыланатындар;

2. 100 Гц-ге тең немесе одан астам және ақаулығы 10 мкрд (микрорадиан) немесе кем жиіліктер белдеуіндегі резонаторды басқару, қадағалау, тұрақтандыру немесе реттеу;

3. Барлық келесі сипаттамаларға ие кардандық ішкі аспалар:

a. Бұрылуының ең жоғары бұрышы 5 о астам;

b. Белдеуінің ені 100 Гц-ге тең немесе артық;

c. Бұрыштық келтіру қателігі 200 мкрд-қа (микрорадиан) тең немесе кем; және

d. Келесі сипаттамалардың кез келгені бар:

1. Негізгі білігінің диаметрі немесе ұзындығы 0,15 м-нен астам, бірақ 1 м-нен артық емес және бұрыштық жеделделуі 2 рад (радиан) /с 2 -тен астам; немесе

2. Негізгі білігінің диаметрі немесе ұзындығы 1 м-нен артық және бұрыштық жеделделуі 0,5 рад (радиан)/с 2 -тен астам;

4. Сегменттің диаметріндей немесе негізгі біліктің ұзындығы 1 м немесе одан астам айналары бар фазаланған тордың реттелуін қолдау немесе фазаланған сегменттерімен айналар жүйесі үшін арнайы әзірленген.

e. Келесі сипаттамалардың бәріне ие "сфералық емес оптикалық элементтер":

1. Оптикалық апертураның ең үлкен мөлшері 400 мм-ден астам;

2. Үстіңгі бет тазалығы 1 мм-нен аз үлгі ұзындықтары үшін 1 нм-нен жақсы (аз); және

3. Сызықтық термикалық кеңеюдің абсолютті шама коэффициенті 25 о С жағдайында 3 х 10 -6 /К-ден кем;

Техникалық ескерту:

1. "Сфералық емес оптикалық элементтер" - бейне қалыптастыру жазығы бар оптикалық жүйеде пайдаланылатын, жобаға сәйкес идеалды саладан үздік кез келген элементтер;

2. Оптикалық элемент аталған бақылау өлшемін қанағаттандыратындай немесе одан асып түсетіндей етіп арнайы әзірленген немесе жасалған жағдайларда өндірушіден 6А004.е.2. тармақта көрсетілген жиілік жазығын өлшеу жүргізу талап етілмейді.

Ескерту: 6А004.е. тармағы келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие, "сфералық емес оптикалық элементтерді" бақыламайды:

a. Оптикалық апертураның ең үлкен мөлшері 1 м-ден кем және апертураға фокустық ұзындығының қатынасы 4,5:1-ге тең және одан асатын;

b. Оптикалық апертураның ең үлкен мөлшері 1 м.-ден кем емес және апертураға фокустық ұзындығының қатынасы 7:1-ге тең және одан асатын;

c. Френелевтік, торлық, жолақты, призма тәрізді немесе дифракциялық оптикалық элементтер ретінде әзірленген;

d. Сызықтық жылу кеңеюі 25 о С кезінде 2,5 х 10 -6 /К -ден жоғары коэффициентті боросиликатты шыныдан жасалған; немесе

e. Ішкі сәуле шағылыстыру қабілеті бар (мысалы, турба тектес айналар) рентгендік оптикалық элементтер болып табылады.

Ерекше ескерту: литографиялық жабдық үшін арнайы әзірленген сфералы емес оптикалық элементтерге қатысты 3B001 тармақты қараңыз.

6A004 a. 1. 9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A004 a. 2. 9001 90 900 0(азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0(азаматтық авиациядан басқа)
6A004 a. 3 9001 90 000 0(азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0(азаматтық авиациядан басқа)
6A004 a. 4. 9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A004 b. 9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A004 c. 1. 9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A004 c. 2. 7014 00 000 0
9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A004 c. 3. 9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A004 c. 4. 9003 90 000 0
6A004 d. 1. 9031 49
9032 89 000 0
6A004 d. 2. 9031 49
9032 89 000 0
6A004 d. 3. 8412 21 800 9
8412 31 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
8479 89 970 9
9032 81 900 0
9032 89 000 0
6A004 d. 4. 9032 89 000 0
6A004 e. 9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)

6A005 0B001.g.5 немесе 0B001.h.6 тармақтар бойынша бақыланатындардан ерекшелігі бар, мыналар секілді лазерлер, компоненттер мен оптикалық жабдық:

Ерекше ескерту: сондай-ақ 6A205-ті қараңыз

1-ескерту: Импульстік "лазерлер" импульстік бөгеп тастаумен өшпейтін режимде жұмыс істейтін "лазерлерді" қамтиды;

2-ескерту: Толтырылған импульсті "лазерлер" импульстік толтыру кезінде үздіксіз режимде жұмыс істейтін "лазерлерді" қамтиды;

3-ескерту: Раман "лазерлерінің" бақылау мәртебесі толтырудың "лазерлік" көзі өлшемдерімен айқындалады. Төменде қарастырылатын кез келген "лазер" толтырудың "лазерлік" көзі бола алады.

a. Мыналар секілді газ "лазерлері":

1. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие эксимерлі "лазерлер":

a. Толқындардың шығу ұзындығы 150 нм-нен аспайды және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 50 мДж-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 1 Вт-ден астам;

b. 150 нм-нен 190 нм-ге дейінгі диапазондағы толқындардың шығу ұзындығы және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 1,5 Дж-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 120 Вт-ден астам;

c. 190 нм-нен 360 нм-ге дейінгі диапазондағы толқындардың шығу ұзындығы және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 10 Дж-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 500 Вт-ден астам; немесе

d. 360 нм-нен астам диапазондағы толқындардың шығу ұзындығы және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 1,5 Дж-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 30 Вт-ден астам;

Ерекше ескерту: Литографиялық жабдық үшін арналған эксимерлік лазерлерге қатысты сондай-ақ 3B001 тармақты қараңыз.

2. Мыналар секілді металл буындағы "лазерлер":

a. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 20 Вт-дан астам мыс (Cu) " лазерлер"; 9013 20 000 0

b. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 5 Вт-дан астам алтын (Au) " лазерлер"; 9013 20 000 0

c. Шығу қуаты 5 Вт-дан астам натрийлі (Na) "лазерлер"; 9013 20 000 0

d. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 2 Вт-дан астам барийлі (Ba) " лазерлер"; 9013 20 000 0

3. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие көміртегінің тотығындағы (CO) " лазерлер":

a. Импульстегі шығу энергиясы 2 Дж-дан астам және ең жоғары қуаты 5 кВт-дан астам; немесе

b. Үздіксіз режимдегі орташа қуаты немесе шығу қуаты 5 кВт-дан астам;

4. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие көміртегінің қос тотығындағы (CO 2), лазерлер:

a. Үздіксіз режимдегі шығу қуаты 15 кВт-дан астам;

b. Импульстік режимдегі "импульстерінің ұзақтығы" 10 мкм-нен астам және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Орташа шығу қуаты 10 Вт-дан астам; немесе

2. "Қуат шыңы" 100 кВт-дан астам; немесе

c. Импульстік режимдегі "импульстердің ұзақтығы" 10 мкм-ге тең немесе кем және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстік энергиясы 5 Дж-ден астам; немесе

2. Орташа шығу қуаты 2,5 кВт-дан астам;

5. Мыналар секілді "химиялық лазерлер":

a. Сутегі-фторлы (HF) "лазерлер"; 9013 20 000 0

b. Дейтерий-фторлы (DF)"лазерлер"; 9013 20 000 0

c. Мыналар секілді "өтпелі лазерлер":

1. Йод тотығындағы (O 2 -I) "лазерлер";

2. Дейтерий-фторлы-қос тотықты-көміртегілік (DF-CO 2) "лазерлер";

6. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие аргон немесе криптон иондарындағы " лазерлер":

a. Импульстен шығу энергиясы 1,5 Дж-ден астам және ең жоғары қуаты 50 Вт-ден астам; немесе

b. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 50 Вт-ден астам;

7. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие басқа да газды "лазерлер":

Ескерту: 6A005a7. тармақ бойынша азотты "лазерлер" бақыланбайды.

a. Толқындардың шығу ұзындығы 150 нм-нен астам және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 50 мДж-ден астам және ең жоғары қуаты 1 Вт-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 1 Вт-ден астам;

b. Диапазондағы толқындардың шығу ұзындығы 150 нм-нен 800 нм-ге дейін және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 1,5 Дж-ден астам және ең жоғары қуаты 30 Вт-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 30 Вт-ден астам;

c. Толқындардың шығу ұзындығы 800 нм-нен 1400 нм-ге дейін және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 0,25 Дж-ден астам және ең жоғары қуаты 10 Вт-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 10 Вт-ден астам; немесе

d. Толқынның шығу ұзындығы 1400 нм-нен астам және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимдегі Вт-ден астам.

b. Мыналар секілді жартылай өткізгіш "лазерлер":

1. Көлденең модоның (неаддитивтік кедергілі бірмодолық) көпмодолық сәулеленуіне және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие жекелеген жартылай өткізгіш "лазерлер":

a. Толқынның ұзындығы 1510 нм-ге тең немесе одан кем және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 1,5 Вт-тан жоғары; немесе

b. Толқынның ұзындығы 1510 нм-нен жоғары және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 500 мВт-тан жоғары;

2. Көлденең модоның көпмодолық сәулеленуіне және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие жекелеген жартылай өткізгіш "лазерлер":

a. Толқынның ұзындығы 1400 нм-ден кем және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 10 Вт-тан жоғары:

b. Толқынның шығу ұзындығы 1400 нм-ге тең немесе 1900-ден кем және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 2,5 Вт-тан жоғары; немесе

c. Толқынның шығу ұзындығы 1900 нм-ға тең немесе одан жоғары және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 1 Вт-тан жоғары;

3. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие жекелеген жартылай өткізгіш "лазерлер " торлары:

a. Толқынның шығу ұзындығы 1400 нм-ден кем және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 80 Вт-тан жоғары;

b. Толқынның шығу ұзындығы 1400 нм-ге тең немесе 1900-ден кем және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 25 Вт-тан жоғары; немесе

c. Толқынның ұзындығы 1900 нм-ға тең немесе одан жоғары және орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 10 Вт-тан жоғары;

4. Жартылай өткізгіш лазердің 6A005.b.3. тармақ бақылайтын кем дегенде бір торының "матрицалық стегі" (немесе торлар стегі).

Техникалық ескерту:

1. Жартылай өткізгіш "лазерлерді" әдетте "лазерлік" диодтар деп атайды.

2. "Матрица" ("тор") түсетін жарық сәулелерінің орталықтарына параллель траектория бойынша өтуге мүмкіндік беретін бір микросхема ретінде дайындалған бірнеше лазерлік сәулелегіштерден тұрады.

3. "Матрицалық стек" "матрицаларды" жарық сәулелерінің орталықтарына параллель траектория бойынша өтуге мүмкіндік беретіндей етіп қою немесе жинау арқылы дайындалады.

1-ескерту: 6A005.b. тармақ оптикалық шығу қосылыстары бар жартылай өткізгіш " лазерлерді" (мысалы, талшықты-оптикалық икемді өткізгіштер) қамтиды.

2-ескерту: Басқа жабдық үшін арнайы арналған жартылай өткізгіш "лазерлердің" бақылау мәртебесі осындай басқа жабдықтың бақылау мәртебесімен айқындалады.

c. Мыналар секілді қатты денелі "лазерлер":

1. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие "қайта құрылатын" "лазерлер":

Ескерту: 6A005c1 тармақ титанды-сапфирлы (Ti: A1 2 O 3), тулий - YAG (Tm:YAG), тулий - YSGG (Tm: YSGG) "лазерлерді", александриттегі (Cr: BeAl 2 O 4) " лазерлерді" және бояулардағы "лазерлерді" қамтиды.

a. Толқынның шығу ұзындығы 600 нм-нен кем және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 50 мДж-ден астам және импульстік "қуат шыңы" 1 Вт-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 1 Вт-ден астам;

b. Толқынның шығу ұзындығы 600 нм немесе одан астам, бірақ 1400 нм-нен артық емес және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 1 Дж-ден астам және импульстік "қуат шыңы" 20 Вт-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 20 Вт-ден астам; немесе

c. Толқынның шығу ұзындығы 1400 нм-нен астам және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Импульстегі шығу энергиясы 50 мДж-ден астам және импульстік "қуат шыңы" 1 Вт-ден астам; немесе

2. Үздіксіз режимдегі орташа немесе шығу қуаты 1 Вт-ден астам;

2. Мыналар секілді "қайта құрылмайтын" "лазерлер":

Ескерту : 6A005c2 тармақ атомдық ауысудағы қатты денелі "лазерлерді" қамтиды.

a. Мыналар секілді неодийлі шыныдағы "лазерлер":

1. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие беріктік модуляциясы бар "лазерлер":

a. Импульстегі шығу энергиясы 20Дж-ден астам, бірақ 50 Дж-ден артық емес және орташа шығу қуаты 10 Вт-ден астам; немесе

b. Импульстегі шығу энергиясы 50 Дж-ден астам;

2. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие беріктік модуляциясынсыз "лазерлер":

c. Импульстегі шығу энергиясы 50 Дж-ден астам, бірақ 100 Дж-ден артық емес және орташа шығу қуаты 20 Вт-ден астам; немесе

d. Импульстегі шығу энергиясы 100 Дж-ден астам;

b. Толқындардың шығу ұзындығы 1000 нм-нен астам, бірақ 1100 нм-нен артық емес неодиймен (шыныдағыға қарағанда басқа) араласқан "лазерлер":

Ерекше ескерту : Толқындардың шығу ұзындығы 1000 нм-нен астам, бірақ 1100 нм-нен артық емес неодиймен (шыныдағыға қарағанда басқа) араласқан "лазерлер" үшін 6A005c.2.c тармақты қараңыз.

1. Импульстік қозғышты және модолар синхронды, импульсінің ұзындығы 1 нс-ке тең немесе артық және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие "төзімді модуляциялы лазерлер":

a. "Қуат шыңы" 5 ГВт-ден астам;

b. Орташа шығу қуаты 10 Вт-ден артық; немесе

c. Импульстік энергиясы 0,1 Дж-ден артық;

2. "Импульстер ұзақтығымен" импульстік қозғышты 1 нс-ке тең немесе артық және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие модуляцияланатын "лазерлер":

a. Көлденең модоның бір модолы сәулеленуі, мыналарға ие:

1. "Қуат шыңы" 100 МВт-ден астам;

2. Орташа шығу қуаты 20 Вт-ден артық; немесе

3. Импульстік энергиясы 2 Дж-ден артық;

b. Көлденең модоның көп модолы сәулеленуі, мыналарға ие:

1. "Қуат шыңы" 400 МВт-ден астам;

2. Орташа шығу қуаты 2 кВт-ден артық; немесе

3. Импульстік энергиясы 2 Дж-ден артық;

3. Импульстік қозғышты "беріктік модуляциясынсыз" "лазерлер", мыналарға ие:

a. Көлденең модоның бір модолы сәулеленуі, мыналарға ие:

1. "Қуатшыңы" 500 кВт-ден астам; немесе

2. Орташа шығу қуаты 150 Вт-ден артық; немесе

b. Көлденең модоның көп модолы сәулеленуі, мыналарға ие:

1. "Қуат шыңы" 1 МВт-ден астам;

2. Орташа шығу қуаты 2 кВт-ден артық; немесе

4. Үздіксіз қозатын "лазерлер" мыналарға ие:

a. Көлденең модоның бір модолы сәулеленуі, мыналарға ие:

1. "Қуат шыңы" 500 кВт-ден астам;

2. Орташа қуаты немесе орташа шығу қуаты үздіксіз режимде 150 Вт-ден артық; немесе

b. Көлденең модоның көп модолы сәулеленуі, мыналарға ие:

1. "Қуат шыңы" 1 МВт-ден астам; немесе

2. Орташа қуаты немесе орташа шығу қуаты 2 кВт-ден артық;

c. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие басқа да "қайта құрылмайтын лазерлер":

1. Толқынның ұзындығы 150 нм-нен кем және кез келген келесі сипаттамалар:

a. Импульстегі шығу энергиясы 50 мДж-ден артық немесе импульстік "қуат шыңы" 1 Вт-ден артық; немесе

b. Үздіксіз режимдегі орташа қуаты немесе шығу қуаты 1 кВт-ден артық, келесі сипаттамаларымен;

2. Толқынның ұзындығы 150 нм-нен кем, бірақ 800 нм-нен артық емес:

a. Импульстегі шығу энергиясы 1,5 Дж-ден артық немесе импульстік "қуат шыңы" 30 Вт-ден артық; немесе

b. Үздіксіз режимдегі орташа қуаты немесе шығу қуаты 30 Вт-ден артық;

3. Толқынның ұзындығы 800 нм-нен артық, бірақ 1400 нм-нен артық емес, мыналар секілді:

a. "Беріктік модуляциясы бар лазерлер, мыналарға ие":

1. Импульстегі шығу энергиясы 0,5 Дж-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 50 Вт, немесе

2. Орташа шығу энергиясы мыналардан асатын:

a. бір модолы "лазерлер" үшін 10 Вт;

b. көп модолы "лазерлер" үшін 30 Вт;

b. "Беріктік модуляциясынсыз лазерлер, мыналарға ие":

1. Импульстегі шығу энергиясы 2 Дж-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 50 Вт, немесе

2. Орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 50 Вт-ден артық; немесе

4. Толқындардың ұзындығы 1400 нм-нен артық және мынадай сипаттамасы бар:

a. Импульстегі шығу энергиясы 100 мДж-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 1 Вт артық; немесе

b. Орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 1 Вт-ден артық;

d. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие бояғыштардағы және басқа да сұйықтардағы "лазерлер":

1. Толқындардың ұзындығы 150 нм-нен кем және:

a. Импульстегі шығу энергиясы 50 мДж-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 1 Вт артық; немесе

b. Орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 1 Вт-ден артық;

2. Толқындардың ұзындығы 150 нм немесе артық, бірақ 800 нм-нен артық емес және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие:

a. Импульстегі шығу энергиясы 1,5 мД-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 20 Вт-ден артық; немесе

b. Орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 20 Вт-ден артық; немесе

c. Егер "импульстің ұзақтығы" 100 нс-тен аз болса, 1 Вт-ден артық орташа шығу қуатындағы және импульстің қайталану жиілігі 1 кГц-ден артық бір бойлық модода жұмыс істейтін импульстік генератор;

3. Толқындардың ұзындығы 300, бірақ 1400 нм-нен артық емес және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

a. Импульстегі шығу энергиясы 0,5 мД-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 10 Вт-ден артық; немесе

b. Орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 10 Вт-ден артық; немесе

4. Толқындардың ұзындығы 1400 нм артық және келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

a. Импульстегі шығу энергиясы 100 мДж-ден артық және импульстік "қуат шыңы" 1 Вт-ден артық; немесе

b. Орташа немесе шығу қуаты үздіксіз режимде 1 Вт-ден артық;

e. Мыналар секілді компоненттер:

1. Салқындатылатын не белсенді әдіспен, не түтікшелі салқындатылатын жүйесі бар айналар:

Техникалық ескерту:

Белсенді салқындату деп оптикадан жылу бөлуге арналған оптикалық компоненттің қосалқы беті бойынша сұйықтың ағысы пайдаланылатын (оптикалық үстіңгі беттен әдетте 1 мм-нен аз орналасқан) оптикалық компоненттерді салқындату әдісі танылады.

2. Бақыланатын "лазерлермен" пайдалану үшін арнайы әзірленген оптикалық айналар немесе мөлдір немесе ішінара мөлдір оптикалық немесе электроптикалық компоненттер;

f. Мына секілді оптикалық жабдық:

Ерекше ескерту: "Аса жоғары қуатты лазерлер" үшін қолданылуы мүмкін бөлек апертуралы оптикалық элементтерге қатысты Әскери Тізімді қараңыз

1. Сәуленің толқындық шебінде жоқ дегенде 50 позицияны пайдаланатын серпінді толқындық шепті (фазаны) өлшейтін, келесі барлық сипаттамаларға ие жабдық:

a. Кадрларының жиілігі 100 Гц-ге тең немесе артық және фазалық дискриминациясы жоқ дегенде сәуле толқынының ұзындығының 5%-і; немесе

b. Кадрларының жиілігі 1000 Гц-ге тең немесе артық және фазалық дискриминациясы жоқ дегенде сәуле толқынының ұзындығының 20%-і;

2. 10 мкрд-қа тең немесе кем "аса жоғары қуаттағы лазердің" сәуле күйінің бұрыштық басқарылуының ақаулығын өлшеуге қабілетті "лазерлік диагностика" жабдығы;

3. Толқындардың ұзындығының 1/10 дәлдігімен немесе 0,1 мкм, шамалардың қайсысының аздығына қарай, когерентті сәулелерді жиынтықтау үшін фазаланған торларымен "аса жоғары қуаттағы" жүйемен пайдалануға арнайы арналған оптикалық жабдық пен компоненттер;

4. "Аса жоғары қуаттағы лазерлер" жүйесімен пайдалануға арнайы арналған түсіру объективтері.

6A005 a. 1. 9013 20 000 0

6A005 a. 2. 9013 20 000 0

6A005 a. 3. 9013 20 000 0

6A005 a. 4. 9013 20 000 0

6A005 a. 5. 9013 20 000 0

6A005 a. 6. 9013 20 000 0

6A005 a. 7. 9013 20 000 0
6A005 b. 1. 8541 40 100 0
6A005 b. 2. 8541 40 100 0
6A005 b. 3. 8541 40 100 0
6A005 b. 4. 8541 40 100 0
6A005 c. 1. 9013 20 000 0
6A005 c. 2. 9013 20 000 0
6A005 d. 9013 20 000 0
6A005 e. 1 9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9013 90 900 0
9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A005 e. 2. 9002 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
9001 90 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)
6A005 f. 1. 9031 49
6A005 f. 2. 9031 49
6A005 f. 3. 9013 90 900 0
6A005 f. 4. 9002 19 000 0

6A006 "Магнитометрлер", "магнитті грандиентометрлер", "ішкі магнитті грандиентометрлер" және компенсациялық жүйелер мен олар үшін арнайы әзірленген компоненттер, мыналар секілді:

Ескерту: 6A006 тармақ бойынша медициналық диагностиканың биомагнитті өлшеулері үшін арнайы әзірленген аспаптар бақыланбайды.

a. "Аса өткізгіштік" әсер негізіндегі технологияны пайдаланатын, оптикалық толтырмасы немесе процессиясы бар (протонды/Оверхаузер) "магнитометрлер" немесе 0,05 нТ кем (жақсы) герцтегі жиіліктердің квадрат түбіріне бөлінген "шуыл деңгейі" (сезімталдығы) үш ості индукция "технологиясы";

b. Келесі көрсеткіштердің кез келгенінен аз (жақсы) "шуыл деңгейі" (сезімталдығы) индуктивтік катушкалы "магнитометрлер":

1. 1 Гц-тен аз жиіліктегі герцтегі жиіліктің квадраттық түбіріне бөлінген 0,05 нТ;

2. 1 Гц немесе артық, бірақ 10 Гц-ден артық емес жиіліктегі герцтегі жиіліктің квадраттық түбіріне бөлінген 1 х 10 -3 нТ;

3. 10 Гц-ден артық емес жиіліктегі герцтегі жиіліктің квадраттық түбіріне бөлінген 1 х 10 -4 нТ;

c. Герцтегі жиіліктердің квадраттық түбіріне бөлінген 1 нТ-ден аз (жақсы) " шуылдың орташа" квадраттық деңгейіндегі (сезімталдығындағы) талшықты-оптикалық "манометрлер";

d. 6A006.a., 6A006.b. немесе 6A006.c. тармақтар бойынша бақыланатын " магнитометрлердің" жиынтығын пайдаланатын "магнитті грандиентометрлер";

e. Герцтегі жиіліктердің квадраттық түбіріне бөлінген 0,3 нТ/м-нен аз (жақсы) магниттік өріс градиентінің "шуылдың деңгейі" (сезімталдығындағы) талшықты-оптикалық "ішкі магниттік грандиентометрлер";

f. Герцтегі жиіліктердің квадраттық түбіріне бөлінген 0,015 нТ/м-нен аз (жақсы) магниттік өріс градиентінің "шуылдың деңгейі" (сезімталдығындағы) талшықты-оптикалықтан ерекшелігі бар "технологияны пайдаланатын" "ішкі магниттік грандиентометрлер";

g. Жылжымалы платформаларға арналған магнитті бергіштер үшін магнитті-компенсациялық жүйелер;

h. "аса өткізгіш" материалдардан дайындалған компоненттері бар және барлық келесі сипаттамаларға ие "аса өткізгіш" электромагниттік бергіштер:

1. Кем дегенде "аса өткізгіш" компоненттердің бірі бар "сындық температурадан" төмен температура кезіндегі жұмыс үшін әзірленген (Джозефсон тиімділігіне арналған құрылғыларды немесе "аса өткізгіш" кванттық интерференция құрылғыларын (СКВИД-тер) қоса алғанда);

2. 1 кГц немесе одан аз жиілікке арналған электромагниттік өрістің вариацияларын өлшеу үшін әзірленген; және

3. Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие:

a. 2 мкм-нен кем ең төмен өзіне тән мөлшердегі және кірісі мен шығысы қосылыстарының тиісті схемалары бар жұқа пленкалы СКВИД-терді қамтитын;

b. Секундына магниттік ағынның 1 х 10 6 квантынан астам магниттік өріс өсуінің ең жоғары жылдамдығы кезінде жұмыс істеу үшін әзірленген;

c. Жердің айналадағы магниттік өрісінде магнит экранынсыз жұмыс істеу үшін әзірленген; немесе

d. Кельвинге бөлінген магниттік ағынның 0,1 квантынан аз температуралық коэффициенті бар;

6A006 a. 9015 80 930 0

6A006 b. 9015 80 930 0

6A006 c. 9015 80 930 0

6A006 d. 9015 80 930 0

6A006 e. 9015 80 930 0

6A006 f. 9015 80 930 0

6A006 g. 9015 80 930 0

6A006 h. 9015 80 930 0

6A007 Гравиметрлер мен гравитациялық градиентометрлер, мыналар секілді

Ерекше ескерту: сондай-ақ 6A107-ні қараңыз

a. 10 микрогалден аз (жақсы) статистикалық дәлдікпен жер бетінде пайдалануға арналған гравиметрлер; 9015 80 930 0

Ескерту: 6007.a. тармақ бойынша кварцтік элементтер үлгісіндегі (Уорден) жер бетіндегі гравиметрлер бақыланбайды.

b. Барлық келесі сипаттамаларға ие жылжымалы платформалар үшін гравиметрлер:

1. Статистикалық дәлдігі 0,7 милигалден аз (жақсы); және

2. Жұмыстық дәлдігі компенсацияларды және қозғалыстардың әсерін түзетудің кез келген комбинациясында 2 мин дайындық күйіндегі тіркеу уақытымен 0,7 милигалден аз (жақсы);

c. Гравитациялық градиентометрлер.

6A007 a. 9015 80 930 0

6A007 b. 9015 80 930 0

6A007 c. 9015 80 930 0

6A008 Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие локациялық жүйелер, жабдық және тораптар және олар үшін арнайы әзірленген компоненттер:

Ерекше ескерту: сондай-ақ 6A108-ДІ ҚАРАҢЫЗ

Ескерту: 6A008 тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

a. Белсенді жауап беретін (РАК) шолу РЛС-лары;

b. Соғылысуды болдырмауға арналған автомобиль РЛС-лары;

c. 1 мм-ге 12 элементтен аспайтын рұқсаты бар әуе қозғалысын басқару үшін (ӘҚБ) пайдаланатын дисплейлер немесе мониторлар;

d. Метрологиялық (ауа райы) локаторлары.

a. 40 ГГц-ден 230 ГГц-ге дейінгі жиіліктерде жұмыс істейтін және орташа шығу қуаты 100 мВт-ден астам;

b. Жұмыс жиілігі "негізгі жұмыс жиілігінен" +/- 6,25%-тен артық шектерде қайта құрыла алатын алаңы бар;

Техникалық ескерту:

"Негізгі жұмыс жиілігі" келетін жиіліктердің ең көп және ең аз жиынтығының жартысына тең.

c. Бір мезгілде екі немесе одан көп келетін жиіліктерде жұмыс істеуге қабілетті:

d. Апертураның синтезделген режимінде (АСР) немесе локатордың кері синтезделген апертурасында (ЛКСА) немесе әуелік орналастырылған локатордың бүйірлік шолу режимінде (БШР) жұмыс істеу мүмкіндігі бар;

e. "Сәулені электроды сканирлейтін фазаланған антенді торларды" қамтитын;

f. Биік жеке нысаналарды табу қабілеті бар;

Ескерту: 6A008.f. тармақ бойынша ИКАО стандарттарына сәйкес келетін қонуға беттеуді бақылауға арналған прецизионды радиолокациялық жабдық (қондыратын РЛС немесе ПРО) бақыланбайды.

g. Әуелік орналасу үшін арнайы әзірленген (әуе шарына немесе ұшу аппаратының корпусына орнатылады) және қозғалыстағы нысаналарды табуға арналған сигналды доплерлік өңдеуге ие;

h. Мынадай құрауыштардың кез келгенін қолдана отырып локатордың сигналдарын өңдеуді пайдаланатын РЛС-лар;

1. "РЛЖ спектрін кеңейту" әдістері; немесе

2. "Жиіліктерді тез қайта құратын РЛС" әдістері;

i. 185 км-ден астам ең жоғары "аспаптық қашықтық" әрекетімен жер бетінде жұмыс істеуді қамтамасыз ететін РЛЖ;

Ескерту: 6А008 тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

a. Балық үйірлерін байқауға арналған жер бетіндегі РЛС;

b. Келесі шарттардың бәрін қанағаттандырған жағдайда, әуе қозғалысын басқару үшін арнайы әзірленген жер бетіндегі РЛС-лар:

1. Ең жоғары аспаптық әрекет ету қашықтығы 500 км немесе одан артық;

2. Нысаналар туралы деректер локатордың орналасқан жерінен маршруттағы әуе қозғалысын басқарудың бір немесе бірнеше азаматтық орталықтарына тек бір ғана жолмен беретіндей етіп жобаланған;

3. Маршрутта әуе қозғалысын басқару орталығынан локатордың сканирлеу жылдамдығын дистанциялық басқаруға арналған құралдары жоқ; және

4. Ұзақ уақытқа орнатылуы тиіс;

c. Әуе шарынан метеорологиялық байқауға арналған локаторлар.

j . Келесі сипаттамалардың кез келгеніне ие "лазерлік" локациялық станциялар немесе "лазерлік алыстықты өлшеуіштер" (ЛИДАР-лар);

1. "Ғарышта қолдануға жарамды"; немесе

2. Когерентті гетеродинді немесе гемодинді детекторлауды пайдалану және 20 мкрад (микрорадиан) кем (жақсы) бұрыштық шешімі бар;

